

Өнеркәсіптік меншік саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенттерін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің м.а. 2015 жылғы 29 мамырдағы № 304 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 3 шілдеде № 11559 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2018 жылғы 11 қазандағы № 1481 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Әділет министрінің 11.10.2018 № 1481 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 2) тармақшасына сәйкес,
БҰЙЫРАМЫН:

1. Мыналар:

1) осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес "Тауар таңбасына және өнеркәсіптік меншік объектілеріне құқықтарды басқаға беру туралы шарттарды тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті;

2) осы бұйрықтың 2-қосымшасына сәйкес "Лицензиялық, сублицензиялық шарттарды тіркеу" мемлекеттік қызмет регламенті;

3) осы бұйрықтың 3-қосымшасына сәйкес "Патенттік сенім білдірілген өкілдерді аттестаттау" мемлекеттік қызмет регламенті;

3-1) осы бұйрықтың 3-1-қосымшасына сәйкес "Патенттік сенім білдірілген өкіл куәлігін беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

4) осы бұйрықтың 4-қосымшасына сәйкес "Тауар таңбасын тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті;

5) осы бұйрықтың 5-қосымшасына сәйкес "Тауар шығарылған жердің атауын пайдалану құқығын тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті;

6) осы бұйрықтың 6-қосымшасына сәйкес "Өнеркәсіптік үлгіге патент беру" мемлекеттік қызмет регламенті;

7) осы бұйрықтың 7-қосымшасына сәйкес "Пайдалы модельге патент беру" мемлекеттік қызмет регламенті;

8) осы бұйрықтың 8-қосымшасына сәйкес "Өнертабысқа патент беру" мемлекеттік қызмет регламенті;

9) осы бұйрықтың 9-қосымшасына сәйкес "Селекциялық жетістікке патент беру" мемлекеттік қызмет регламенті бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 20.03.2018 № 445 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Зияткерлік меншік құқығы департаменті:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін қазақ және орыс тілдерінде қағаз және электрондық түрде ресми жариялану және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің ресми интернет-ресурсына орналастырылуын қамтамасыз етсін.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 13.01.2017 № 33 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

3. Күші жойылды деп танылсын:

1) "Өнеркәсіптік меншік саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенттерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2014 жылғы 12 наурыздағы № 103 бұйрығының (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2014 жылғы 11 сәуірде № 9312 болып тіркелген, 2014 жылғы 10 маусымда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған);

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Әділет министрінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің міндетін атқарушы*

З. Баймолдина

Қазақстан Республикасы
Әділет министрі міндетін
атқарушының
2015 жылғы 29 мамырдағы
№ 304 бұйрығына
1-қосымша

"Тауар таңбасына және өнеркәсіптік меншік объектілеріне құқықтарды басқаға беру туралы шарттарды тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 13.01.2017 № 33 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Тауар таңбасына және өнеркәсіптік меншік объектілеріне құқықтарды басқаға беру туралы шарттарды тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін қызметті Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Ұлттық зияткерлік меншік институты" республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі – сараптау ұйымы), оның ішінде "электрондық үкіметтің" www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы көрсетеді.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 251 бұйрығымен бекітілген "Тауар таңбасына және өнеркәсіптік меншік объектілеріне құқықтарды басқаға беру туралы шарттарды тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты (бұдан әрі – стандарт) негізінде көрсетіледі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11407 болып тіркелген).

2. Қызмет көрсету нысаны: электрондық (ішінара автоматтандырылған) және (немесе) қағаз түрінде.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі қағаз түрінде берілетін шартты тіркеу күні мен оның нөмірімен бірге, мөртабаны қойылған шартты мемлекеттік тіркеу не осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 10-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы жазбаша түрдегі дәлелді жауап болып табылады.

Порталға жүгінген кезде – шартты тіркеу туралы анықтама немесе шартты тіркеуден бас тарту туралы дәлелді жауап.

4. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі стандарттың 4-тармағында көрсетілген.

2-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) іс-қимыл тәртібін сипаттау

5. Көрсетілетін қызметті алушы сараптау ұйымына жүгінген кезде стандарттың 9-тармағында көзделген құжаттар топтамасын (бұдан әрі – құжаттар) қоса бере отырып, стандартқа 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тауар таңбасына және өнеркәсіптік меншік объектілеріне құқықтарды басқаға беру туралы шарттарды тіркеу туралы жазбаша өтініші (бұдан әрі – өтініш)

көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызмет көрсету бойынша рәсімді (іс-әрекетті) бастауы үшін:

1) сараптау ұйымының Хат-хабарларды есепке алу және мұрағат басқармасы (бұдан әрі – кеңсе) маманының "Ұлттық зияткерлік меншік институты" автоматтандырылған ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі - "ҰЗМИ" ААЖ) өтінішті және құжаттарды тіркеуі;

2) өтінішті сараптау ұйымының шарттарды сараптау бөлімі сарапшысының қарауы;

3) сараптау ұйымының сараптама қорытындысын шығаруы;

4) көрсетілетін қызметті берушінің тауар таңбасына және өнеркәсіптік меншік объектілеріне құқықтарды басқаға беру туралы шарттарды (бұдан әрі – шарт) тіркеу туралы немесе шартты тіркеуден бас туралы шешім қабылдауы;

5) шартты тіркеу туралы шешім қабылданған кезде – көрсетілетін қызметті берушінің шарт туралы мәліметтерді тіркелген шарттар тізіліміне енгізуі, сараптама ұйымының ресми бюллетеньде тіркелген шарт туралы мәліметтерді жариялауы, бас тарту туралы шешім қабылданған кезде - мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы жазбаша түрдегі дәлелді жауап;

б) сараптау ұйымының көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін жіберуі негіз болып табылады.

Көрсетілетін қызметті берушіге жүгінген кездегі мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу схемасы осы регламенттің 1-қосымшасында келтірілген.

Ескерту. 5-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Әділет министрінің 20.02.2018 № 238 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету процесінде құрылымдық бөлімшелердің (қызметкерлердің) өзара іс-қимыл тәртібін сипаттау

6. Мемлекеттік қызмет көрсету процесіне қатысатын көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) және сараптау ұйымының тізбесі:

1) кеңсе маманы;

2) сараптау ұйымының шарттарды сараптау бөлімі;

3) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Зияткерлік меншік құқығы департаментінің қызметкері.

7. Сараптама ұйымының кеңсесі өтінішті, стандарттың 9-тармағында көрсетілген өтінішке қосымша құжаттарды қабылдайды, қажет болса,

көрсетілетін қызметті алушыға кіріс нөмірі, өтініштің және құжаттардың қабылданған күні мен уақыты көрсетілген хабарламаны береді және қабылданған құжаттарды бір жұмыс күні ішінде шарттарға сараптама жасау бөліміне береді.

Сараптама ұйымының Шарттарды сараптама бөлімі өтініш келіп түскен күннен бастап он үш жұмыс күні ішінде келіп түскен құжаттардың алдын ала сараптамасын жүргізеді, оның барысында қажетті құжаттардың болуы және оларға қойылатын талаптардың сақталуы тексеріледі, өтінішке қоса берілген материалдарда сараптама жүргізуге ақы төленгенін растайтын құжат болмаған жағдайда, көрсетілетін қызметті алушыға төлем шоты беріледі. Осындай жағдайда көрсетілген мерзімдер сараптама ұйымына төлемнің түскен күнінен бастап есептеледі.

Ақы төленгенін растайтын құжат бір айлық мерзімде ұсынылмаса, өтініш берілмеген болып саналады.

Он бес жұмыс күні ішінде мәні бойынша сараптама жүргізіледі, оның барысында шарттың материалдарына зерделеу жүргізіледі, оның нәтижелері бойынша шартты тіркеу туралы немесе тіркеуден бас тарту туралы сараптама қорытындысы шығарылады.

Шартты тіркеуден бас тарту туралы қорытынды шығарылғаннан кейін екі жұмыс күні ішінде сараптама ұйымы бас тарту себептерін көрсете отырып, көрсетілетін қызметті берушіге осы қорытындыны жібереді.

Сараптама нәтижесі оң болған жағдайда, сараптама ұйымы бес жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті берушіге шартты тіркеуге кедергі келтіретін негіздердің жоқтығы туралы қорытындыны жібереді.

Құжаттарды ресімдеуге қойылатын талаптар бұзылған жағдайда немесе шартты тіркеуге кедергі келтіретін негіздер бар болса, бірақ оларды жою мүмкіндігі болса, сараптама ұйымы көрсетілетін қызметті алушыға жіберілген күннен бастап есептелетін үш ай мерзімі ішінде жоқ немесе түзетілген құжаттарды ұсыну немесе қажетті өзгерістер мен толықтыруларды енгізу туралы ұсыныспен сұрау салу жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті беруші сараптама ұйымынан сараптама қорытындысы келіп түскен кезден бастап бес жұмыс күні ішінде шартты тіркеу немесе шартты тіркеуден бас тарту туралы шешім қабылдайды және бір жұмыс күні ішінде оны сараптама ұйымына жолдайды.

Шартты тіркеу туралы шешім шығарылғаннан кейін көрсетілетін қызметті беруші шарттың титулдық парағына тіркелген күнін және оның тіркеу нөмірін көрсете отырып, оның тіркелгендігі туралы мөртабан қояды, тіркелген шарттардың мемлекеттік тізіліміне шарт туралы мәліметтерді енгізеді, тіркелген шарттың үш данасын қорытындысымен бірге сараптама ұйымына жібереді.

Сараптама ұйымы тіркелген шарттар бойынша хат жазысу үшін тіркелген шарттың екі данасын өтініште көрсетілген мекенжай бойынша жібереді және бюллетеньде тіркелген шарттар туралы мәліметтерді жариялайды.

Көрсетілетін қызметті беруші шартты тіркеуден бас тарту туралы шешім шығарған жағдайда, сараптама ұйымы қаралып отырған шарт бойынша құжаттарды тіркеуден бас тарту туралы шешіммен бірге өтініште көрсетілген мекенжай бойынша қайтарады.

Құрылымдық бөлімшелер арасындағы функционалдық өзара іс-қимыл схемасы осы регламентке 2-қосымшада көрсетілген.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 20.02.2018 № 238 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде ақпараттық жүйелерді пайдалану тәртібінің сипаттамасы

8. Көрсетілетін қызметті алушы электрондық құжат нысанындағы өтінішті " электрондық үкіметтің" порталы арқылы береді, "ҰЗМИ" ААЖ-ге келіп түседі.

Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін порталда мемлекеттік көрсетілетін қызметті таңдайды. Портал автоматты түрде көрсетілетін қызметті алушы туралы деректерді толтыра отырып, өтініш берудің бірінші қадамын қалыптастырады.

Көрсетілетін қызметті алушы электрондық сандық қолтаңбамен (бұдан әрі – ЭСҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтінішті толтырады және қажетті құжаттарды қоса береді.

Портал арқылы өтінішті және құжаттарды жіберу кезінде көрсетілетін қызметті алушыға "жеке кабинетінен" өтініш туралы ақпарат қолжетімді болады, оны көрсетілетін қызметті берушінің өтінішін өңдеу (жеткізу, тіркеу, орындау туралы белгілер, қарау туралы немесе қараудан бас тарту туралы жауап) барысында жаңартып отырады.

9. Көрсетілетін қызметті алушы портал арқылы жүгінген кезде көрсетілетін қызметті берушінің жүгіну тәртібі мен рәсімдердің (іс-қимылдардың) реттілігі сипаттамасы:

Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ қойылған өтініші "ҰЗМИ" ААЖ кеңсесінің қызметкеріне келіп түседі, онда жүйе тіркеу нөмірін және штрих-кодын береді және көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" өтініштің нөмірін, қабылданған күні мен уақытын көрсете отырып, мәліметтерді жолдайды.


Кейінгі рәсім осы регламенттің 7-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

Сараптау ұйымы мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін немесе көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" уәкілетті адамның электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған, электрондық құжат нысанында шартты мемлекеттік тіркеу туралы анықтама жіберу арқылы бас тарту туралы дәлелді хатты беруді не шартты тіркеуден бас тарту туралы электрондық түрде дәлелді жауап беруді жүзеге асырады.

Портал арқылы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу схемасы осы регламенттің 3-қосымшасында келтірілген.

"Тауар таңбасына және
өнеркәсіптік меншік
объектілеріне құқықтарды
басқаға беру туралы шарттарды
тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін
қызмет регламентіне
1-қосымша


**Көрсетілетін қызметті берушіге жүгінген кездегі мемлекеттік көрсетілетін
қызмет алудың схемасы**



"Тауар таңбасына және өнеркәсіптік меншік объектілеріне құқықтарды басқаға беру туралы шарттарды тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне 2-қосымша

Құрылымдық бөлімшелер арасындағы өзара қызметтік қарым-қатынас схемасы


Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Өділет министрінің 20.02.2018 № 238 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.



"Тауар таңбасына және өнеркәсіптік меншік объектілеріне құқықтарды басқаға беру туралы шарттарды тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне 3-қосымша

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті "электрондық үкімет" порталы арқылы алудың схемасы

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Өділет министрінің 20.02.2018 № 238 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.



Қазақстан Республикасы
Әділет министрі міндетін
атқарушының
2015 жылғы 29 мамырдағы
№ 304 бұйрығына
2-қосымша

"Лицензиялық, сублицензиялық шарттарды тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 13.01.2017 № 33 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Лицензиялық, сублицензиялық шарттарды тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін қызметті Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Ұлттық зияткерлік меншік институты" республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі – сараптау ұйымы), оның ішінде "электрондық үкіметің" www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы көрсетеді.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 251 бұйрығымен бекітілген "Лицензиялық, сублицензиялық шарттарды тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты (бұдан әрі – стандарт) негізінде көрсетіледі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11407 болып тіркелген).

2. Қызмет көрсету нысаны: электрондық (ішінара автоматтандырылған) және (немесе) қағаз түрінде.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі қағаз түрінде берілетін шартты тіркеу күні мен оның нөмірімен бірге, мөртабаны қойылған шартты мемлекеттік тіркеу не осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 10-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы жазбаша түрдегі дәлелді жауап болып табылады.

Порталға жүгінген кезде – лицензиялық, сублицензиялық шарттарды мемлекеттік тіркеу туралы анықтама немесе шартты тіркеуден бас тарту туралы дәлелді жауап.

4. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі стандарттың 4-тармағында көрсетілген.

2-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) іс-қимыл тәртібін сипаттау

5. Көрсетілетін қызметті алушы сараптау ұйымына жүгінген кезде стандарттың 9-тармағында көзделген құжаттар топтамасын (бұдан әрі – құжаттар) қоса бере отырып, стандартқа 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша лицензиялық, сублицензиялық шарттарды тіркеу туралы жазбаша өтініші (бұдан әрі - өтініш) көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызмет көрсету бойынша рәсімді (іс-әрекеті) бастауы үшін:

1) сараптау ұйымының Хат-хабарларды есепке алу және мұрағат басқармасы (бұдан әрі – кеңсе) маманының "Ұлттық зияткерлік меншік институты" автоматтандырылған ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі - "ҰЗМИ" ААЖ) өтінішті және құжаттарды тіркеуі;

2) өтінішті және құжаттарды сараптау ұйымының шарттарды сараптау бөлімі сарапшысының қарауы;

3) сараптау ұйымының сараптама қорытындысын шығаруы;

4) көрсетілетін қызметті берушінің лицензиялық, сублицензиялық шарттарды (бұдан әрі – шарттар) тіркеу туралы немесе шартты тіркеуден бас туралы шешім қабылдауы;

5) шартты тіркеу туралы шешім қабылданған кезде – көрсетілетін қызметті берушінің шарт туралы мәліметтерді тіркелген шарттар тізіліміне енгізуі, сараптама ұйымының ресми бюллетеньде тіркелген шарт туралы мәліметтерді жариялауы, бас тарту туралы шешім қабылданған кезде - мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы жазбаша түрдегі дәлелді жауап;

б) сараптау ұйымының көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін жіберуі негіз болып табылады.

Көрсетілетін қызметті берушіге жүгінген кездегі мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу схемасы осы регламенттің 1-қосымшасында келтірілген.

Ескерту. 5-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Әділет министрінің 20.02.2018 № 238 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету процесінде құрылымдық бөлімшелердің (қызметкерлерінің) өзара іс-қимыл тәртібін сипаттау

6. Мемлекеттік қызмет көрсету процесіне қатысатын көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) және сараптау ұйымының тізбесі:

1) кеңсе маманы;

2) сараптау ұйымының шарттарды сараптау бөлімі;

3) көрсетілетін қызметті беруші кеңсесінің қызметкері;

4) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Зияткерлік меншік құқығы департаментінің қызметкері.

7. Сараптама ұйымының кеңсесі өтінішті, стандарттың 9-тармағында көрсетілген өтінішке қосымша құжаттарды қабылдайды, қажет болса, көрсетілетін қызметті алушыға кіріс нөмірі, өтініштің және құжаттардың қабылданған күні мен уақыты көрсетілген хабарламаны береді және қабылданған құжаттарды бір жұмыс күні ішінде шарттарға сараптама жасау бөліміне береді.

Сараптама ұйымының Шарттарды сараптама бөлімі өтініш келіп түскен күннен бастап он үш жұмыс күні ішінде келіп түскен құжаттардың алдын ала сараптамасын жүргізеді, оның барысында қажетті құжаттардың болуы және оларға қойылатын талаптардың сақталуы тексеріледі, өтінішке қоса берілген материалдарда сараптама жүргізуге ақы төленгенін растайтын құжат болмаған жағдайда, көрсетілетін қызметті алушыға төлем шоты беріледі. Осындай жағдайда көрсетілген мерзімдер сараптама ұйымына төлемнің түскен күнінен бастап есептеледі.

Ақы төленгенін растайтын құжат бір айлық мерзімде ұсынылмаса, өтініш берілмеген болып саналады.

Он бес жұмыс күні ішінде мәні бойынша сараптама жүргізіледі, оның барысында шарттың материалдарына зерделеу жүргізіледі, оның нәтижелері бойынша шартты тіркеу туралы немесе тіркеуден бас тарту туралы сараптама қорытындысы шығарылады.

Шартты тіркеуден бас тарту туралы қорытынды шығарылғаннан кейін екі жұмыс күні ішінде сараптама ұйымы бас тарту себептерін көрсете отырып, көрсетілетін қызметті берушіге осы қорытындыны жібереді.

Сараптама нәтижесі оң болған жағдайда, сараптама ұйымы бес жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті берушіге шартты тіркеуге кедергі келтіретін негіздердің жоқтығы туралы қорытындыны жібереді.

Құжаттарды ресімдеуге қойылатын талаптар бұзылған жағдайда немесе шартты тіркеуге кедергі келтіретін негіздер бар болса, бірақ оларды жою мүмкіндігі болса, сараптама ұйымы көрсетілетін қызметті алушыға жіберілген күннен бастап есептелетін үш ай мерзімі ішінде жоқ немесе түзетілген құжаттарды ұсыну немесе қажетті өзгерістер мен толықтыруларды енгізу туралы ұсыныспен сұрау салу жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті беруші сараптама ұйымынан сараптама қорытындысы келіп түскен кезден бастап бес жұмыс күні ішінде шартты тіркеу немесе шартты тіркеуден бас тарту туралы шешім қабылдайды және бір жұмыс күні ішінде оны сараптама ұйымына жолдайды.

Шартты тіркеу туралы шешім шығарылғаннан кейін көрсетілетін қызметті беруші шарттың титулдық парағына тіркелген күнін және оның тіркеу нөмірін көрсете отырып, оның тіркелгендігі туралы мөртабан қояды, тіркелген шарттардың мемлекеттік тізіліміне шарт туралы мәліметтерді енгізеді, тіркелген шарттың үш данасын қорытындысымен бірге сараптама ұйымына жібереді.

Сараптама ұйымы тіркелген шарттар бойынша хат жазысу үшін тіркелген шарттың екі данасын өтініште көрсетілген мекенжай бойынша жібереді және бюллетеньде тіркелген шарттар туралы мәліметтерді жариялайды.

Көрсетілетін қызметті беруші шартты тіркеуден бас тарту туралы шешім шығарған жағдайда, сараптама ұйымы қаралып отырған шарт бойынша құжаттарды тіркеуден бас тарту туралы шешіммен бірге өтініште көрсетілген мекенжай бойынша қайтарады.

Құрылымдық бөлімшелер арасындағы функционалдық өзара іс-қимыл схемасы осы регламентке 2-қосымшада көрсетілген.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 20.02.2018 № 238 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде ақпараттық жүйелерді пайдалану тәртібін сипаттау

8. Көрсетілетін қызметті алушы электрондық құжат нысанындағы өтінішті "электрондық үкіметтің" порталы арқылы береді, "ҰЗМИ" ААЖ-ге келіп түседі.

Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін порталда мемлекеттік көрсетілетін қызметті таңдайды. Портал автоматты түрде көрсетілетін қызметті алушы туралы деректерді толтыра отырып, өтініш берудің бірінші қадамын қалыптастырады.

Көрсетілетін қызметті алушы электрондық сандық қолтаңбамен (бұдан әрі – ЭСҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтінішті толтырады және қажетті құжаттарды қоса береді.

Портал арқылы өтініш жіберу кезінде көрсетілетін қызметті алушыға "жеке кабинетінен" өтініш туралы ақпарат қолжетімді болады, оны көрсетілетін қызметті беруші өтінішті өңдеу (жеткізу, тіркеу, орындау туралы белгілер, қарау туралы немесе қараудан бас тарту туралы жауап) барысында жанартып отырады.

9. Көрсетілетін қызметті алушы портал арқылы жүгінген кезде көрсетілетін қызметті берушінің жүгіну тәртібі мен рәсімдердің (іс-қимылдардың) реттілігі сипаттамасы:

Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ қойылған өтініші "ҰЗМИ" ААЖ кеңсесінің қызметкеріне келіп түседі, онда жүйе тіркеу нөмірін және штрих-кодын береді және көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" өтініштің нөмірін, қабылданған күні мен уақытын көрсете отырып, мәліметтерді жолдайды.

Кейінгі рәсім осы регламенттің 7-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.


Сараптау ұйымы мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін немесе көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" уәкілетті адамның электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған, электрондық құжат нысанында шартты мемлекеттік тіркеу туралы анықтама жіберу арқылы бас тарту туралы

дәлелді хатты беруді не шартты тіркеуден бас тарту туралы электрондық түрде дәлелді жауап беруді жүзеге асырады.

Портал арқылы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу схемасы осы регламенттің 3-қосымшасында келтірілген.


"Лицензиялық, сублицензиялық шарттарды тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне
1-қосымша

Көрсетілетін қызметті берушіге жүгінген кездегі мемлекеттік көрсетілетін қызмет арудың схемасы




Құрылымдық бөлімшелер арасындағы өзара қызметтік қарым-қатынас схемасы

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 20.02.2018 № 238 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.



Мемлекеттік көрсетілетін қызметті "электрондық үкімет" порталы арқылы алудың схемасы

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 20.02.2018 № 238 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.



"Патенттік сенім білдірілген өкілдерге кандидаттарды аттестаттау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті

Ескерту. Регламент жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 20.03.2018 № 445 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Патенттік сенім білдірілген өкілдерге кандидаттарды аттестаттау" мемлекеттік көрсетілетін қызметін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі "электрондық үкімет" www.egov.kz, www.elicense.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы көрсетеді.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 251 бұйрығымен бекітілген "Патенттік сенім білдірілген өкілдерді аттестаттау" туралы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты (бұдан әрі – стандарт) негізінде көрсетіледі (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11407 болып тіркелген).

2. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны – электрондық.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі – аттестаттау емтиханын тапсыру қорытындылары бойынша оң немесе теріс шешім не осы стандарттың 10-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.

2-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызмет берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) іс-қимыл тәртібін сипаттау

4. Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша рәсімді (іс-әрекетті) бастау үшін көрсетілетін қызметті берушінің стандарттың 9-тармағына сәйкес қажетті құжаттарды қоса алғанда көрсетілетін қызметті алушының портал арқылы электрондық сұрауын алу негіздеме болып табылады.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету процесінің құрамына кіретін әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) мазмұны, орындалу ұзақтығы:

1) кеңсе қызметкері құжаттарды қабылдауды, оны порталда тіркеуді жүзеге асырады, көрсетілетін қызметті алушы құжаттарды қабылдағаны туралы қол хат (хабарлама) алады – орындау уақыты 30 минут;

2) құрылымдық бөлімшенің басшысы өтініштің орындаушысын анықтайды – орындау мерзімі 30 минут;

3) жауапты орындаушы ұсынылған құжаттардың толықтығын және сәйкестігін тексереді. Стандарттың 9-тармағында көрсетілген ұсынылған құжаттар сәйкес келмеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушыға электрондық құжат нысанында мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап жолданады – орындау мерзімі жеті жұмыс күні;

4) жауапты орындаушы, портал арқылы құжаттарды қарау нәтижесі бойынша көрсетілетін қызметті алушыға тестілеу жүргізу орны мен мерзімі туралы хабарлайды, тестілеуге жіберілген тізімін рәсімдейді – орындау мерзімі үш жұмыс күні;

5) жауапты орындаушы тестілеуді өткізеді – орындау мерзімі бір жұмыс күні;

6) жауапты орындаушы тестілеу нәтижесі бойынша мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесін дайындайды. Көрсетілетін қызметті берушінің басшысы орынбасары нәтижеге қол қояды және жауапты тұлғаға орындауға жолдайды – орындау мерзімі үш жұмыс күні.

Мемлекеттік қызмет нәтижесі көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасы (бұдан әрі – ЭЦҚ) қойылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жібереді.

6. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің құрамына кіретін рәсімдер (іс-қимылдар):

1) 1-процесс – сұрауды тіркеу;

2) 2-процесс – көрсетілетін қызметті алушының ұсынған құжаттардың толық болуын тексеру;

3) 3-процесс – көрсетілетін қызметті алушының ЖТ МДҚ-да-жеке тұлға туралы ақпаратының, ЗТ МДҚ-да-заңды тұлға туралы ақпаратының, ИСАЖ-жеке кәсіпкерлік бойынша мәліметінің, БП АЕА ААЖ АЖ-де-соттылығы болуы не болмауы туралы мәліметінің деректерін тексеру;

4) 4-процесс – жіберілген үміткерлерді көрсетілетін қызметті берушінің интернет-ресурсында жариялау;

5) 5-процесс – компьютерлік тест тапсыру;

6) 6-процесс – комиссияның аттестаттаудан өткендігі және өтпегендігі туралы хаттамасы.

Көрсетілетін қызметті алушы порталда барлық қажетті құжаттарды тапсырған кезде:

көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" мемлекеттік қызмет көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы белгі көрсетіледі.

"Патенттік сенім білдірілген өкілдерге кандидаттарды аттестаттау" мемлекеттік қызметін алу схемасы осы регламенттің қосымшасына сәйкес бизнес-процестерінің анықтамалығында келтірілген.

3-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде ақпараттық жүйелерді пайдалану тәртібінің сипаты

7. Көрсетілетін қызметті алушы портал арқылы сұрау салуды берген жағдайда, аталған сұрау көрсетілген қызметті берушінің қарауына жолданады.


"Патенттік сенім білдірілген өкілдерге кандидаттарды аттестаттау" таңдаған кезде, портал көрсетілетін қызметті алушы туралы деректерді автоматты түрде толтыра отырып, өтінімді берудің бастапқы қадамын қалыптастырады.

Көрсетілетін қызметті алушы сұрау салуды портал арқылы "жеке кабинеттен" жіберген кезде өтініш туралы ақпарат қол жетімді болады, оны көрсетілетін қызметті беруші өтінішті өңдеу барысында жаңартып отырады (жеткізілгені, тіркелгені, орындалғаны туралы белгі, қаралу немесе қараудан бас тарту туралы жауап).

8. Көрсетілген қызметті алушы портал арқылы жүгінген кезде көрсетілетін қызметті берушінің өтініш беру тәртібін және рәсімдердің (іс-қимылдардың) реттілігін сипаттау осы регламенттің 6-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

"Патенттік сенім білдірілген
өкілдерге кандидаттарды
аттестаттау" мемлекеттік көрсетілетін
қызмет регламентіне
қосымша

**"Патенттік сенім білдірілген өкілдерге кандидаттарды аттестаттау"
мемлекеттік көрсетілетін қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің
анықтамалығы**



Қазақстан Республикасы
 Әділет министрінің
 2015 жылғы 29 мамырдағы
 № 304 бұйрығына 3-1-қосымша

"Патенттік сенім білдірілген өкіл куәлігін беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті

Ескерту. Бұйрық 3-1-қосымшамен толықтырылды – ҚР Әділет министрінің 20.03.2018 № 445 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Патенттік сенім білдірілген өкіл куәлігін беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі көрсетеді, оның ішінде " электрондық үкімет" www.egov.kz, www.elicense.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 251 бұйрығымен бекітілген "Патенттік сенім білдірілген өкілдерді аттестаттау" туралы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты (бұдан әрі – стандарт) негізінде көрсетіледі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11407 болып тіркелген).

2. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны – электрондық (ішінара автоматтандырылған) не (немесе) қағаз түрінде.

3. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесі – патенттік сенім білдірілген өкіл куәлігін беру не стандарттың 10-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметтен бас тарту туралы дәлелді жауап.

Көрсетілетін қызметті алушы қағаз жеткізгіште мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесіне жүгінген жағдайда мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі электрондық нысанда ресімделеді, басып шығарылады, мемлекеттік мекеменің мөрімен және көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының қолымен куәландырылады.

Портал арқылы жүгінген кезде көрсетілетін қызмет алушыға көрсетілетін қызмет берушінің басшысы орынбасары электрондық цифрлық қолтаңбасы (бұдан әрі – ЭСК) қойылған электронды құжат нысанындағы патенттік сенім білдірілген өкілдің куәлігі немесе стандарттың 10-тармағында көзделген жағдайлар мен негіздерде мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап жолданады.

2-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) іс-қимыл тәртібін сипаттау

4. Мемлекеттік қызметті көрсету бойынша рәсімді (іс-қимылды) бастауға негіздеме көрсетілетін қызметті берушінің көрсетілетін қызметті алушыдан немесе көрсетілетін қызметті алушының электрондық сұрауды стандарттың 9-тармағында көрсетілген өтінішті және өзге құжаттарды алуы мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті болып табылады.

5. Мемлекеттік қызмет көрсету рәсімінің құрамына кіретін әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) мазмұны, орындалу ұзақтылығы:

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе маманы тіркеу нөмірі мен күнін көрсете отырып, көрсетілетін қызметті алушының құжаттарын қабылдауы, құрылымдық бөлімшенің басшысына қарауға жіберу – орындау уақыты 30 минут ;

2) құрылымдық бөлімшенің басшысы өтініштің орындаушысын белгілейді – орындау мерзімі 3 сағат;

3) орындаушы өтінішті қарайды және мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесін рәсімдейді – орындау мерзімі бір жұмыс күні;

4) құрылымдық бөлімшенің басшысымен мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесін келісу – орындау мерзімі 2 сағат;

5) көрсетілетін қызметті берушінің басшысымен немесе ол уәкілеттік берген адаммен мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесіне қол қою және оны көрсетілетін қызметті алушы порталына жіберу – орындау мерзімі 2 сағат;

6) көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті қағаз тасығышта алу үшін жүгінген жағдайда, мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі портал арқылы электрондық нысанда рәсімделеді, басылып шығарылады және көрсетілетін қызметті берушінің басшысының немесе ол уәкілеттік берген адамның қолымен расталады және кеңсе маманы көрсетілетін қызметті алушыға жолдайды.

6. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің құрамына кіретін рәсімдер (іс-қимылдар):

1) 1-процесс – сұрауды тіркеу;

2) 2-процесс – көрсетілетін қызметті алушының ұсынған құжаттардың толық болуын тексеру;

3) 3-процесс – көрсетілетін қызметті алушының ЖТ МДҚ-да-жеке тұлға туралы ақпаратының, ЗТ МДҚ-да-заңды тұлға туралы ақпаратының, ИСАЖ-жеке кәсіпкерлік бойынша мәліметінің, БП АЕА ААЖ АЖ-де-соттылығы болуы не болмауы туралы мәліметінің деректерін тексеру;

4) 4-процесс – мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесі.

Көрсетілетін қызметті алушы порталда барлық қажетті құжаттарды тапсырған кезде:

көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" мемлекеттік қызмет көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы белгі көрсетіледі.

7. Мынадай рәсімдердің (іс-қимылдардың) орындалуын бастау үшін негіз болатын мемлекеттік қызметті көрсету бойынша рәсімнің (іс-қимылдың) нәтижесі:

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі маманының тіркеу нөмірі мен күнін бере отырып, көрсетілетін қызметті алушының құжаттарын қабылдауы, көрсетілетін қызметті берушінің басшысы орынбасарына қарауға жіберу;

2) құрылымдық бөлімшенің басшысының орындаушыны белгілеуі және қарар қою;

3) орындаушының өтінішті қарауы және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін рәсімдеуі;

4) көрсетілетін қызметті алушының ЖТ МДҚ-да-жеке тұлға туралы ақпаратының, ЗТ МДҚ-да-заңды тұлға туралы ақпаратының, ИСАЖ-жеке кәсіпкерлік бойынша мәліметінің, БП АЕА ААЖ АЖ-де-соттылығы болуы не болмауы туралы мәліметінің деректерін орындаушының тексеруі;

5) қырылымдық бөлімшенің басшысымен мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін келісу;

6) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы орынбасары мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесіне қол қоюы;

7) көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін жолдау.

3-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) өзара іс-қимылы тәртібінің сипаттамасы

8. Мемлекеттік қызмет көрсету процесіне көрсетілетін қызметті берушінің мынадай құрылымдық бөлімшелері (жұмысшылары) қатысады:

- 1) көрсетілетін қызметті беруші кеңсесінің маманы;
- 2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы орынбасары;
- 3) құрылымдық бөлімшенің басшысы;
- 4) орындаушы.

9. Көрсетілетін қызметті берушінің қызметкерлер арасындағы рәсімдердің (іс-қимылдардың) реттілігін сипаттау:

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі маманының тіркеу нөмірі мен күнін көрсете отырып, көрсетілетін қызметті алушының құжаттарын қабылдауы, құрылымдық бөлімшенің басшысына қарауға жіберу, отыз минут ішінде;

2) құрылымдық бөлімшенің басшысының орындаушыны белгілеуі және қарар қою, екі сағат ішінде;

3) орындаушының құжаттарды қарауы:

құжаттарды қараудан бас тарту үшін негіздеме болған жағдайда көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тарту жолданады;

құжаттар сәйкес келген жағдайда – мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесін жолдайды;

4) орындаушы мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін рәсімдейді, бір жұмыс күні;

5) құрылымдық бөлімшенің басшысымен мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін келісу, екі сағат;

6) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы орынбасары мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесіне қол қоюы және оны көрсетілетін қызметті алушының порталына жіберуі, екі сағат;

7) көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті қағаз тасығышта алу үшін жүгінген жағдайда, мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі портал арқылы электрондық нысанда рәсімделеді, басылып шығарылады және көрсетілетін қызметті берушінің басшысы орынбасарының қолымен расталады және кеңсе маманымен көрсетілетін қызметті алушыға жолданады.

10. Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздеме стандарттың 10-тармағында белгіленген талаптарға сәйкес келмейтіндігі болып табылады.

11. Мемлекеттік қызметті көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлері) өзара іс-қимылының және рәсімдерінің (іс-қимылдарының) реттілігінің жан-жақты сипаттамасы, сондай-ақ басқа көрсетілетін қызметті алушылармен өзара іс-қимылы тәртібі осы Регламентке қосымшаға сәйкес, "Патенттік сенім білдірілген өкіл куәлігін беру" мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестері анықтамалығында көрсетіледі.

4-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде ақпараттық жүйелерді пайдалану тәртібінің сипаты

12. Көрсетілетін қызметті алушы портал арқылы сұрау салуды берген жағдайда, аталған сұрау көрсетілген қызметті берушінің қарауына жолданады.


"Патенттік сенім білдірілген өкіл куәлігін беру" таңдаған кезде, портал көрсетілетін қызметті алушы туралы деректерді автоматты түрде толтыра отырып, өтінімді берудің бастапқы қадамын қалыптастырады.

Көрсетілетін қызметті алушы сұрау салуды портал арқылы "жеке кабинеттен" жіберген кезде өтініш туралы ақпарат қол жетімді болады, оны көрсетілетін қызметті беруші өтінішті өңдеу барысында жаңартып отырады (жеткізілгені, тіркелгені, орындалғаны туралы белгі, қаралу немесе қараудан бас тарту туралы жауап).

13. Көрсетілген қызметті алушы портал арқылы жүгінген кезде көрсетілетін қызметті берушінің өтініш беру тәртібін және рәсімдердің (іс-қимылдардың) реттілігін сипаттау осы регламенттің 6-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

"Патенттік сенім білдірілген
өкіл куәлігін беру" мемлекеттік
көрсетілетін қызмет регламентіне
қосымша

"Патенттік сенім білдірілген өкіл куәлігін беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығы



Қазақстан Республикасы
 Әділет министрі
 міндетін атқарушысының
 2015 жылғы 29 мамырдағы
 № 304 бұйрығына
 4-қосымша

"Тауар таңбасын тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті

Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 13.01.2017 № 33 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

1-Тарау. Жалпы ережелер

1. "Тауар таңбасын тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін қызметін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Ұлттық зияткерлік меншік институты" республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі – сараптау ұйымы) арқылы, оның ішінде "электрондық үкімет" www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы көрсетеді.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 251 бұйрығымен бекітілген "Тауар таңбасын тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты негізінде көрсетіледі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11407 болып тіркелген).

2. Көрсетілетін мемлекеттік қызмет нысаны – электрондық (ішінара автоматтандырылған) және (немесе) қағаз түрінде.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі – қағаз жеткізгіште берілетін, Тауар таңбаларының мемлекеттік тізілімінде тауар таңбаларын тіркеу не стандарттың 10-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету нәтижесінің нысаны – электрондық және (немесе) қағаз түрінде.

Портал арқылы өтініш берген кезде – жеке және заңды тұлғаларға "жеке кабинетіне" қызметті берушінің уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған, мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін алған күнін және орнын көрсете отырып, электронды құжат нысанында хабарлама жіберіледі.

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Әділет министрінің 20.02.2018 № 238 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі стандарттың 4-тармағында көзделген.

2-тарау. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) іс-қимыл тәртібін сипаттау

5. Көрсетілетін қызметті алушы:

1) сараптау ұйымына қағаз жеткізгішпен жүгінген кезде – стандарттың 9-тармағында көзделген құжаттар топтамасын (бұдан әрі – құжаттар) қоса алғанда

стандарттың 2-қосымшасына сәйкес белгіленген нысандағы өтінім (бұдан әрі – өтінім);

2) портал арқылы жүгінген кезде – құжаттар тізімін ұсына отырып, стандарттың 2-қосымшасына сәйкес электронды нысандағы өтінім.

6. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету процесінің құрамына кіретін рәсімдер (іс-қимылдар):

1) сараптама ұйымының хат-хабарды есепке алу және мұрағат басқармасының (бұдан әрі – кеңсе) қабылдауы және "Ұлттық зияткерлік меншік институты" автоматтандырылған ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі - "ҰЗМИ" ААЖ) кіріс нөмірін беруі;

2) сараптама ұйымының өтінімдерді тіркеу және төлемдерді есепке алу басқармасының өтінім материалдарын тіркеуі және қалыптастыруы;

3) сараптама ұйымының тауар таңбаларына және өнеркәсіп үлгілерге өтінімдерді алдын ала сараптама басқармасының өтінімді қарауы;

4) сараптама ұйымының тауар таңбаларына, тауар шығарылған жерлердің атауларына және өнеркәсіптік үлгілерге сараптама жасау басқармасының өтінімді қарауы;

5) сараптама ұйымының қорытынды шығаруы;

6) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Зияткерлік меншік құқығы департаментінің өнеркәсіптік меншік басқармасының сараптама қорытындысын қарауы;

7) тіркеу туралы шешім қабылдаған кезде сараптама ұйымының патенттік құжаттаманы дайындау және жариялау басқармасының көрсетілетін қызметті алушыға тауар таңбасын тіркегені үшін мемлекеттік баж төлеу және тауар таңбасын тіркегені туралы мәліметтерді жариялағаны үшін сараптама ұйымының әрекеттеріне төлем жасау қажеттігі туралы хабарлама жіберуі;

8) көрсетілетін қызметті алушы сараптама ұйымына тиісті төлемдерді ұсынғаннан кейін сараптама ұйымының мемлекеттік тізілімдер басқармасының мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелері туралы мәліметтерді Тауар таңбаларының мемлекеттік тізіліміне енгізуі;

9) сараптама ұйымының патенттік құжаттаманы дайындау және жариялау басқармасының тіркеу туралы мәліметтерді ресми бюллетеньде жариялауы;

10) тіркеуден бас тарту туралы шешім қабылдаған кезде көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап жіберу.

"Тауар таңбасын тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу схемасы осы регламентке 1-қосымшада келтірілген.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 20.02.2018 № 238 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелердің (қызметкерлердің) өзара іс-қимыл тәртібін сипаттау

7. Көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызмет көрсету процесіне қатысушы құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) тізбесі:

- 1) сараптама ұйымының кеңсесі;
- 2) сараптама ұйымының өтінімдерді тіркеу және төлемдерді есепке алу басқармасы;
- 3) сараптама ұйымының тауар таңбаларына және өнеркәсіп үлгілеріне өтінімдерді алдын ала сараптама басқармасы;
- 4) сараптама ұйымының тауар таңбаларына, тауар шығарылған жерлердің атауларына және өнеркәсіптік үлгілерге сараптама жасау басқармасы;
- 5) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Зияткерлік меншік құқығы департаментінің өнеркәсіптік меншік басқармасы;
- 6) сараптама ұйымының патенттік құжаттаманы дайындау және жариялау басқармасы (оң шешім қабылдаған кезде);
- 7) сараптама ұйымының мемлекеттік тізілімдер басқармасы.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 20.02.2018 № 238 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Сараптама ұйымының кеңсесі көрсетілетін қызметті алушыдан өтінімді және стандарттың 9-тармағында көрсетілген құжаттарды қабылдайды, қажет болғанда, көрсетілетін қызметті алушыға кіріс нөмірі, өтінім және құжаттардың қабылданған күні мен уақыты көрсетілген хабарлама береді және жұмыс күні ішінде қабылданған құжаттарды сараптама ұйымының өтінімдерді тіркеу және төлемдерді есепке алу басқармасына тіркеу және төлемдерді есепке алу үшін жібереді. Сараптама ұйымының мемлекеттік қызметті көрсету кезіндегі көрсетілген қызметтеріне төлемдерді "ҰЗМИ" ААЖ-де есепке алуды сараптама ұйымының өтінімдерді тіркеу және төлемдерді есепке алу басқармасы жүзеге асырады. Өтінім тіркелгеннен, қалыптастырылғаннан және төлемдер есепке алынғаннан кейін, оның материалдары алдын ала сараптама жүргізу үшін сараптама ұйымының тауар таңбаларына және өнеркәсіптік үлгілерге өтінімдерге алдын ала сараптама жасау басқармасына жіберіледі.

Алдын ала сараптама барысында өтінім келіп түскен күннен бастап бір ай ішінде өтінімнің мазмұны, стандарттың 9-тармағында белгіленген талаптарға сәйкес қажетті құжаттардың болуы тексеріледі.

Алдын ала сараптама нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті алушыға он жұмыс күні ішінде өтінімді қарауға қабылдау, оған тиісті нөмірді беру, беру күнін және басымдық күнін анықтау не дәлелді қорытынды түрінде өтінімді қарауға қабылдаудан бас тарту туралы хабарланады.

Алдын ала сараптама нәтижелері бойынша тауар таңбасын тіркеуге өтінім тауар таңбаларына, тауар шығарылған жерлердің атауларына және өнеркәсіптік үлгілерге сараптама жасау басқармасына толық сараптама жүргізу үшін жіберіледі.

Толық сараптама жүргізу барысында өтінім берілген күннен бастап тоғыз ай ішінде мәлімделіп отырған белгілердің стандарттың 10-тармағында белгіленген талаптарға сәйкестігі тексеріледі.

Сараптама ұйымының сараптаманың кез келген сатысында қосымша материалдарға сұрау салу құқығы бар.

Сараптама ұйымы толық сараптама нәтижелері бойынша он жұмыс күні ішінде тауар таңбасын тіркеу туралы қорытындыны көрсетілетін қызметті берушіге жібереді.

Алдын ала бас тарту (ішінара тіркеу) туралы сараптама қорытындысы көрсетілетін қызметті алушыға он жұмыс күні ішінде жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті алушының ішінара тіркеуге жазбаша келісімін алғаннан кейін немесе толық сараптаманың алдын ала қорытындысына қарсылық беру мерзімі өткеннен кейін соңғы сараптамалық қорытынды көрсетілетін қызметті берушіге жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті беруші сараптама ұйымының қорытындысы түскен күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде тауар таңбасын тіркеу туралы немесе тіркеуден бас тарту туралы шешім қабылдайды және екі жұмыс күні ішінде шешімді сараптама ұйымына жолдайды.

Патенттік құжаттаманы дайындау және жариялау басқармасы көрсетілетін қызметті берушінің шешімі сараптама ұйымына түскеннен кейін көрсетілетін қызметті алушыға тауар таңбасын тіркеген үшін мемлекеттік баж және сараптама ұйымының тіркеу туралы мәліметтерді жариялау әрекеттеріне төлем жасау қажеттігі туралы хабарлама жібереді.

Көрсетілетін қызметті алушы үш ай ішінде сараптама ұйымына тауар таңбасын тіркегені үшін мемлекеттік бажды және сараптама ұйымының тіркеу туралы мәліметтерді жариялау жөніндегі әрекеттеріне төлемді растайтын құжаттарды ұсынады.

Мемлекеттік тізілімдер басқармасы көрсетілетін қызметті берушінің шешімі негізінде көрсетілетін қызметті алушы сараптама ұйымына тиісті төлемдерді ұсынғаннан кейін мәліметтерді бір ай ішінде Тауар таңбаларының мемлекеттік тізіліміне енгізеді.

Патенттік құжаттаманы дайындау және жариялау басқармасы бюллетеньде тауар таңбасын тіркеу туралы мәліметтерді жариялайды.

Құрылымдық бөлімшелер арасындағы функционалдық өзара іс-қимыл схемасы осы регламентке 2-қосымшада көрсетілген.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 20.02.2018 № 238 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде ақпараттық жүйелерді пайдалану тәртібін сипаттау

9. Көрсетілетін қызметті алушы "электрондық үкімет" порталы арқылы электронды құжат нысанында өтінім береді, бұл өтінім "ҰЗМИ" ААЖ арқылы түседі.

Көрсетілетін қызметті алушы порталда мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін "Тауар таңбасын тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін қызметін таңдайды. Портал көрсетілетін қызметті алушы туралы деректерді автоматты түрде толтырып, өтініш берудегі бірінші қадамын жасайды.

Көрсетілген қызметті алушы порталдың ашылған терезелерінде көрсетілген қызметті алушының электрондық сандық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭСҚ) куәландырылған, электрондық құжат нысанындағы өтінімді толтырады және стандарттың 9-тармағында көрсетілген электронды нысандағы қажетті құжаттарды ұсынады.

Көрсетілген қызметті алушы оған ЭСҚ қоя отырып, өтінімді сақтайды.

Өтінімді портал арқылы жолдаған кезде көрсетілетін қызметті алушыға "жеке кабинеттен" көрсетілетін қызметті беруші (жеткізілгені, тіркелгені, орындалғаны туралы белгі, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) өтінімді өңдеу барысында жаңартылып отыратын өтініш туралы ақпарат қол жетімді болады.

10. Портал арқылы көрсетілетін қызметті алушының жүгінуі кезінде көрсетілетін қызметті берушінің жүгіну тәртібі мен рәсімдері (іс-қимылдары) сабақтастығының сипатталуы:

Көрсетілетін қызметті алушының ЭСҚ-мен қол қойылған өтінімі кеңсе қызметкеріне "ҰЗМИ" ААЖ арқылы түседі, онда жүйе кіріс тіркеу нөмірі мен

штрих-кодты автоматты түрде береді және көрсетілетін қызметті алушының " жеке кабинетіне" өтініштің кіріс нөмірі, қабылданған күнімен уақыты көрсетілген хабарламаны жолдайды.

Кейінгі рәсім осы регламенттің 8-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.


Сараптау ұйымы көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесінің дайындығы туралы және тауар таңбасының мемлекеттік тізілімінен үзінді көшірмені пошта немесе курьер байланысы арқылы жолдау, не электрондық түрде және (немесе) қағаз тасығышта мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған, электрондық құжат нысанындағы хабарлама жолдау арқылы мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін немесе бас тарту туралы дәлелді жауап беруді жүзеге асырады.

"Тауар таңбасын тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы алу схемасы осы регламенттің 3-қосымшасында келтірілген.

"Тауар таңбасын тіркеу"
мемлекеттік
көрсетілетін қызмет
регламентіне
1-қосымша

Көрсетілетін қызметті берушіге жүгінген кезде "Тауар таңбасын тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін қызметті алудың схемасы


Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 20.02.2018 № 238 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.



"Тауар таңбасын тіркеу"
мемлекеттік
көрсетілетін қызмет
регламентіне
2-қосымша

Құрылымдық бөлімшелер арасындағы өзара қызметтік қарым-қатынас схемасы


Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 20.02.2018 № 238 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.



"Тауар таңбасын тіркеу"
мемлекеттік
көрсетілетін қызмет
регламентіне
3-қосымша

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті "электрондық үкімет" порталы арқылы алудың схемасы

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 20.02.2018 № 238 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.



"Тауар шығарылған жердің атауын пайдалану құқығын тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті

Ескерту. 5-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 13.01.2017 № 33 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

1-Тарау. Жалпы ережелер

1. "Тауар шығарылған жердің атауын пайдалану құқығын тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) "Ұлттық зияткерлік меншік институты" республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі – сараптау ұйымы) арқылы, оның ішінде "электрондық үкіметтің" веб-порталы www.egov.kz (бұдан әрі – портал) арқылы көрсетіледі.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 251 бұйрығымен бекітілген "Тауар шығарылған жердің атауын пайдалану құқығын тіркеу" туралы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты (бұдан әрі – стандарт) негізінде көрсетіледі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11407 болып тіркелген).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нысаны – электрондық (ішінара автоматтандырылған) және (немесе) қағаз түрінде.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі тауар шығарылған жердің атауын және (немесе) тауар шығарылған жердің атауын пайдалану құқығын ұсынуды тіркеу не стандарттың 10-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.

Көрсетілетін мемлекеттік қызмет нәтижесін беру нысаны – электрондық және (немесе) қағаз түрінде.

Портал арқылы өтініш берген кезде заңды және жеке тұлғаларға "жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін алу күні мен орны көрсетіле отырып, электрондық құжат нысанындағы хабарлама жіберіледі.

4. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері стандарттың 4-тармағында көзделген.

2-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) іс-қимыл тәртібін сипаттау

5. Көрсетілетін қызметті алушының:

1) сараптау ұйымына қағаз жеткізгіште жүгінген кезде – стандарттың 9-тармағында көзделген құжаттар топтамасын (бұдан әрі – құжаттар) қоса бере отырып, стандарттың 2-қосымшасына сәйкес тауар шығарылған жердің атауын тіркеуге және (немесе) оны пайдалану құқығын ұсынуға өтінім (бұдан әрі – өтінім);

2) портал арқылы – құжаттар топтамасын қоса тіркеп, мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 2-қосымшасына сәйкес электрондық түрдегі өтінім.

6. Мемлекеттік қызметті көрсету процесінің құрамына кіретін рәсімдер (іс-қимылдар):

1) сараптама ұйымының хат-хабарды есепке алу және мұрағат басқармасының (бұдан әрі – кеңсе) қабылдауы және "Ұлттық зияткерлік меншік институты" автоматтандырылған ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі - "ҰЗМИ" ААЖ) кіріс нөмірін беруі;

2) сараптама ұйымының өтінімдерді тіркеу және төлемдерді есепке алу басқармасының өтінім материалдарын тіркеуі және қалыптастыруы;

3) сараптама ұйымының тауар таңбаларына, тауар шығарылған жерлердің атауларына және өнеркәсіптік үлгілерге сараптама жасау басқармасының өтінімді қарауы;

4) сараптама ұйымының қорытынды шығаруы;

5) сараптама қорытындысын Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Зияткерлік меншік құқығы департаменті өнеркәсіптік меншік басқармасының қарауы;

6) тауар шығарылған жердің атауын тіркеу және (немесе) пайдалану құқығын беру туралы шешім қабылдаған кезде сараптама ұйымының патенттік құжаттаманы дайындау және жариялау басқармасының көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік баж төлеу және тіркеу туралы мәліметтерді жариялағаны үшін сараптама ұйымының әрекеттеріне төлем жасау қажеттігі туралы хабарлама жіберуі;

7) көрсетілетін қызметті алушы сараптама ұйымына тиісті төлемдерді ұсынғаннан кейін мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелері туралы мәліметтерді сараптама ұйымының мемлекеттік тізілімдер басқармасының Тауар шығарылған жерлердің атауларының тізіліміне енгізуі;

8) сараптама ұйымының патенттік құжаттаманы дайындау және жариялау басқармасының тіркеу туралы мәліметтерді ресми бюллетеньде жариялауы;

9) тіркеуден бас тарту туралы шешім қабылдаған кезде көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап жіберуі.

"Тауар шығарылған жердің атауын пайдалану құқығын тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу схемасы осы регламентке 1-қосымшада келтірілген.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 20.02.2018 № 238 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелердің (қызметкерлердің) өзара іс-қимыл тәртібін сипаттау

7. Көрсетілетін қызметтерді берушінің мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету процесіне қатысатын құрылымдық бөлімшелерінің (жұмыскерлерінің) тізімі:

1) сараптама ұйымының кеңсесі;

2) сараптама ұйымының өтінімдерді тіркеу және төлемдерді есепке алу басқармасы;

3) сараптама ұйымының тауар таңбаларына, тауар шығарылған жерлердің атауларына және өнеркәсіптік үлгілерге сараптама жасау басқармасы;

4) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Зияткерлік меншік құқығы департаментінің өнеркәсіптік меншік басқармасы;

5) сараптама ұйымының патенттік құжаттаманы дайындау және жариялау басқармасы (оң шешім қабылданған жағдайда);

б) сараптама ұйымының мемлекеттік тізілімдер басқармасы.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 20.02.2018 № 238 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Сараптама ұйымының кеңсесі көрсетілетін қызметті алушыдан өтінімді және стандарттың 9-тармағында көрсетілген құжаттарды қабылдайды, қажет болса, көрсетілетін қызметті алушыға кіріс нөмірі, өтінім және құжаттардың қабылданған күні мен уақыты көрсетілген хабарламаны береді және бір жұмыс күні ішінде қабылданған құжаттарды сараптама ұйымының өтінімдерді тіркеу және төлемдерді есепке алу басқармасына тіркеу және төлемдерді есепке алу үшін жібереді. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету кезінде сараптама ұйымының көрсетілген қызметтеріне төлемдерді "ҰЗМИ" ААЖ-де есепке алуды

сараптама ұйымының өтінімдерді тіркеу және төлемдерді есепке алу басқармасы жүзеге асырады. Өтінім тіркелген, қалыптастырылған және төлемдер есепке алынғаннан кейін, оның материалдары сараптама жүргізу үшін сараптама ұйымының тауар таңбаларына, тауар шығарылған жерлердің атауларына және өнеркәсіптік үлгілерге сараптама жасау басқармасына жіберіледі.

Сараптама өтінімді берген күннен бастап алты ай ішінде жүргізіледі, оның барысында өтінімнің мазмұны, стандарттың 9-тармағында белгіленген талаптарға сәйкес қажетті құжаттардың бар болуы, сондай-ақ өтінім беріліп отырған белгінің стандарттың 10-тармағында белгіленген талаптарға сәйкестігі тексеріледі.

Сараптама ұйымының сараптама барысында өтінім берушіге қосымша материалдарға сұрау салу құқығы бар, олар сұрау салу жіберген күннен бастап үш ай ішінде ұсынылуға тиіс.

Көрсетілетін қызметті берушінің шешімі сараптама ұйымына түскеннен кейін патенттік құжаттаманы дайындау және жариялау басқармасы көрсетілетін қызметті алушыға тауар шығарылған жердің атауын тіркегені үшін мемлекеттік баж және сараптама ұйымының тіркеу туралы мәліметтерді жариялау жөніндегі әрекеттеріне төлем жасау қажеттігі туралы хабарлама жібереді.

Мемлекеттік тізілімдер басқармасы көрсетілетін қызметті берушінің шешімі негізінде көрсетілетін қызметті алушы сараптама ұйымына тиісті төлемдерді ұсынғаннан кейін мәліметтерді Тауар шығарылған жерлердің атауларының мемлекеттік тізіліміне енгізеді.

Патенттік құжаттаманы дайындау және жариялау басқармасы бюллетеньде тауар шығарылған жердің атауын тіркеу және (немесе) пайдалану құқығын беру туралы мәліметтерді жариялайды.

Құрылымдық бөлімшелер арасындағы функционалдық өзара іс-қимыл схемасы осы регламентке 2-қосымшада көрсетілген.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 20.02.2018 № 238 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде ақпараттық жүйелерді пайдалану тәртібін сипаттау

9. Көрсетілетін қызметті алушы "электрондық үкімет" порталы арқылы электрондық құжат нысанындағы өтінім береді, осы өтініш "ҰЗМИ" ААЖ-ға түседі.

Көрсетілетін қызметті алушы порталда мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін "Тауар шығарылған жердің атауын пайдалану құқығын тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін қызметті таңдайды. Портал көрсетілетін қызметті алушы туралы деректерді автоматты түрде толтыра отырып, өтініш беру жолындағы бірінші кадамын қалыптастырады.

Көрсетілген қызметті алушы порталдың ашылған терезелерінде көрсетілген қызметті алушының электрондық сандық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭСҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтінішті толтырады және қажетті құжаттарды ұсынады.

Көрсетілген қызметті алушы оған ЭСҚ қоя отырып, өтінішті сақтайды.

Өтінішті портал арқылы жолдаған кезде көрсетілетін қызметті алушыға "жеке кабинеттен" көзделген қызметті беруші (жеткізілгені, тіркелгені, орындалғаны туралы белгі, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) өтінішті өңдеу барысында жаңартылып отыратын өтініш туралы ақпарат қол жетімді.

10. Портал арқылы көрсетілетін қызметті алушының жүгінуі кезінде көрсетілетін қызметті берушінің жүгіну тәртібі мен рәсімдері (іс-қимылдары) сабақтастығының сипатталуы:

Көрсетілетін қызметті алушының ЭСҚ-мен қол қойылған өтінімі "ҰЗМИ" ААЖ-ға түседі, онда жүйе кіріс тіркеу нөмірі мен штрих-кодты автоматты түрде береді және көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" өтінімнің кіріс нөмірі, қабылданған күнімен уақыты көрсетілген хабарламаны жолдайды.

Кейінгі рәсім осы регламенттің 8-тармағына сәйкес жүзеге асырылады


Сараптау ұйымы көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" көрсетілетін қызмет нәтижесінің дайындығы туралы және тауар шығарылған жер атауларының мемлекеттік тізілімінен үзіндіні пошта немесе курьер байланысы арқылы жолдау, не электрондық түрде және (немесе) қағаз тасығышта мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы хабарлама жолдау арқылы мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін немесе бас тарту туралы дәлелді жауап беруді жүзеге асырады.

"Тауар шығарылған жердің атауын пайдалану құқығын тіркеу" мемлекеттік қызметін портал арқылы алу схемасы осы регламенттің 3-қосымшасында келтірілген.

"Тауар шығарылған жердің
атауын пайдалану құқығын
тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін
қызмет регламентіне
1-қосымша

Көрсетілетін қызметті берушіге жүгінген кезде "Тауар шығарылған жердің атауын пайдалану құқығын тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін қызметті алудың схемасы


Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 20.02.2018 № 238 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.



"Тауар шығарылған жердің атауын пайдалану құқығын тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне 2-қосымша

Құрылымдық бөлімшелер арасындағы өзара қызметтік қарым-қатынас схемасы

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 20.02.2018 № 238 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.



"Тауар шығарылған жердің
атауын пайдалану құқығын
тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін
қызмет регламентіне
3-қосымша

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті "электрондық үкімет" порталы арқылы алудың схемасы

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 20.02.2018 № 238 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.



Қазақстан Республикасы
 Әділет министрі
 міндетін атқарушысының
 2015 жылғы 29 мамырдағы
 № 304 бұйрығына
 6-қосымша

"Өнеркәсіптік үлгіге патент беру" мемлекеттік қызмет регламенті

Ескерту. 6-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 13.01.2017 № 33 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Өнеркәсіптік үлгіге патент беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) "Ұлттық зияткерлік меншік институты" республикалық мемлекеттік кәсіпорны арқылы, оның ішінде "электрондық үкімет" веб-порталы www.egov.kz (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 251 бұйрығымен бекітілген "Өнеркәсіптік үлгіге патент беру" туралы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты (бұдан әрі – стандарт) негізінде көрсетіледі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11407 болып тіркелген).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нысаны: электрондық (ішінара автоматтандырылған) және (немесе) қағаз түрінде.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі өнеркәсіптік үлгіге патент не Стандарттың 10-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап болып табылады.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету нысаны – электрондық және (немесе) қағаз түрінде.

Портал арқылы өтініш берген кезде жеке және заңды тұлғаларға "жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған, мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін алған күні мен орны көрсетіле отырып, электрондық құжат нысанында хабарлама жіберіледі.

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Әділет министрінің 20.02.2018 № 238 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі стандарттың 4-тармағында көзделген.

2-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) іс-қимыл тәртібін сипаттау

5. Көрсетілетін қызметті алушының:

1) сараптау ұйымына қағаз жеткізгіште жүгінген кезде – стандарттың 9-тармағында көзделген құжаттар топтамасын (бұдан әрі – құжаттар) қоса бере

отырып, стандарттың 2-қосымшасына сәйкес нысанда өнеркәсіптік үлгіге Қазақстан Республикасының патентін беру туралы өтініш (бұдан әрі – өтініш);

2) портал арқылы – құжаттар топтамасын қоса тіркеп, стандарттың 2-қосымшасына сәйкес электрондық түрдегі өтініш көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызмет көрсету бойынша рәсімді (іс-қимылды) бастауы үшін негіз болып табылады.

6. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету процесінің құрамына кіретін рәсімдер (іс-әрекеттер):

1) сараптама ұйымының хат-хабарды есепке алу және мұрағат басқармасының (бұдан әрі – кеңсе) қабылдауы және "Ұлттық зияткерлік меншік институты" автоматтандырылған ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі - "ҰЗМИ" ААЖ) кіріс нөмірін беруі;

2) сараптама ұйымының өтінімдерді тіркеу және төлемдерді есепке алу басқармасының өтінім материалдарын тіркеуі және қалыптастыруы;

3) сараптама ұйымының тауар таңбаларына және өнеркәсіптік үлгілерге өтінімдерді алдын ала сараптама жасау басқармасының өтінімді қарауы;

4) сараптама ұйымының тауар таңбаларына, тауар шығарылған жерлердің атауларына және өнеркәсіптік үлгілерге сараптама басқармасының өтінімді қарауы;

5) сараптама ұйымының қорытынды шығаруы;

6) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Зияткерлік меншік құқығы департаментінің өнеркәсіптік меншік басқармасының сараптама қорытындысын қарауы;

7) патентті беру туралы шешім қабылданған жағдайда сараптама ұйымының патенттік құжаттаманы дайындау және жариялау басқармасының патентті беруге құжаттарды дайындағаны, мәліметтерді жариялағаны үшін төлем жасау, сондай-ақ мемлекеттік баж төлеу қажеттігі туралы хабарлама жіберуі;

8) көрсетілетін қызметті алушы сараптама ұйымына тиісті төлемдерді ұсынғаннан кейін Өнеркәсіптік үлгілердің мемлекеттік тізіліміне мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелері туралы мәліметтерді енгізуді, патентті дайындауды және жіберуді сараптама ұйымының мемлекеттік тізілімдер басқармасы, патентті беру туралы мәліметтерді ресми бюллетеньде жариялауды сараптама ұйымының патенттік құжаттаманы дайындау және жариялау басқармасы жүзеге асырады;

9) патентті беруден бас тарту туралы шешім қабылданған жағдайда көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап жіберуі.

"Өнеркәсіптік үлгіге патент беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу схемасы осы регламентке 1-қосымшасда келтірілген.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 20.02.2018 № 238 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) өзара іс-қимыл тәртібін сипаттау

7. Көрсетілетін қызметтерді берушінің мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету процесіне қатысатын құрылымдық бөлімшелерінің (жұмыскерлерінің) тізімі:

- 1) сараптама ұйымының кеңсесі;
- 2) сараптама ұйымының өтінімдерді тіркеу және төлемдерді есепке алу басқармасы;
- 3) сараптама ұйымының тауар таңбаларына, өнеркәсіптік үлгілерге өтінімдерге алдын ала сараптама жасау басқармасы;
- 4) сараптама ұйымының тауар таңбаларына, тауар шығарылған жерлердің атауларына және өнеркәсіптік үлгілерге сараптама жасау басқармасы;
- 5) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Зияткерлік меншік құқығы департаментінің өнеркәсіптік меншік басқармасы;
- 6) сараптама ұйымының патенттік құжаттаманы дайындау және жариялау басқармасы (оң шешім қабылданған жағдайда);
- 7) сараптама ұйымының мемлекеттік тізілімдер басқармасы.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 20.02.2018 № 238 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Құрылымдық бөлімшелер мен көрсетілетін қызметті берушінің қызметкерлері арасындағы рәсімдер (іс-қимылдар) дәйектілігін сипаттау:

сараптама ұйымының кеңсесі көрсетілетін қызметті алушыдан өтінімді және стандарттың 9-тармағында көрсетілген құжаттарды қабылдайды, қажет болса, көрсетілетін қызметті алушыға кіріс нөмірі, өтінім және құжаттардың қабылданған күні мен уақыты көрсетілген хабарламаны береді және бір жұмыс күні ішінде қабылданған құжаттарды сараптама ұйымының өтінімдерді тіркеу және төлемдерді есепке алу басқармасына тіркеу және төлемдерді есепке алу үшін жібереді. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету кезінде сараптама ұйымы көрсеткен қызметтерге төлемдерді "ҰЗМИ" ААЖ-де есепке алуды сараптама ұйымының өтінімдерді тіркеу және төлемдерді есепке алу басқармасы жүзеге асырады. Өтінім тіркелгеннен, қалыптастырылғаннан және төлемдер есепке алынғаннан кейін, оның материалдары формалды сараптама жүргізу үшін

сараптама ұйымының тауар таңбаларына және өнеркәсіптік үлгілерге алдын ала сараптама жасау басьяқармасына жіберіледі.

Формальды сараптама жүргізу барысында өтініш құжаттарының бар болуы және оларға қойылатын талаптардың сақталуы тексеріледі, өтінімді беру күні және басымдық күні анықталады.

Егер өтінім осы құжаттарға арналған талаптарды қанағаттандырмаса, сараптау ұйымы бұл туралы көрсетілетін қызметті алушыға хабарлайды және жетіспейтін және (немесе) түзетілген құжаттарды (мәліметтерді) осындай хабарлама жіберілген күннен бастап үш ай ішінде табыс етуді ұсынады. Көрсетілетін қызметті алушы сұратылған және (немесе) түзетілген құжаттарды (мәліметтерді) немесе белгіленген мерзімді ұзарту туралы өтінішхатты белгіленген мерзімде ұсынбаған жағдайда, берілмеген болып есептеледі, ол туралы көрсетілетін қызметті алушыға тиісті хабарлама жіберіледі. Бұл мерзім тиісті төлемнің бар болуы жағдайында үш айдан аспайтын мерзімге созырылуы мүмкін.

Өтінішке мәні бойынша сараптама мәлімделген ұсыныстың өнеркәсіптік үлгі ретінде қорғалатын объектілерге жатқызылуы мүмкіндігін белгілеуді, көркемдік-конструкторлық шешім деңгейін айқындау үшін мәлімделген өнеркәсіптік үлгіге қатысты ақпараттық іздестіру жүргізуді, мәлімделген шешімнің патентке қабілеттілік шарттарына сәйкестігіне тексеру жүргізуді қамтиды.

Сараптау ұйымы, егер өтінішке мәні бойынша жүргізілген сараптама нәтижесінде көрсетілетін қызметті алушы сұраған көлемдегі құқықтық қорғау мәлімделген ұсынысы өнеркәсіптік үлгінің патентке қабілеттілік шарттарына сәйкес келетінін анықтаса, онда сараптау ұйымына белгіленген басымдықты көрсете отырып, көрсетілетін қызметті алушымен келісілген елеулі белгілер жиынтығымен бірге патентке оң қорытынды береді.

Мәлімделген өнеркәсіптік үлгінің көрсетілетін қызметті алушы сұраған құқықтық қорғау көлемінде өнеркәсіптік үлгінің патентке қабілеттілік шарттарына сәйкес келмейтіні анықталған кезде сараптама жасау ұйымының теріс қорытындысы беріледі.

Сараптау ұйымы қорытынды шығарған соң үш жұмыс күні ішінде өнеркәсіптік үлгіге патент беру немесе беруден бас тарту туралы қорытындыны көрсетілетін қызметті берушіге жолдайды.

Көрсетілетін қызметті беруші сараптау ұйымынан сараптама қорытындысы түскен күннен он жұмыс күні ішінде өнеркәсіптік үлгіге патент беру немесе беруден бас тарту туралы шешім қабылдайды және екі жұмыс күні ішінде ары қарай көрсетілетін қызметті алушыға жолдау үшін сараптау ұйымына жолдайды.

Тауар таңбаларын, тауарлардың шығарылатын жерлерінің атауларын және өнеркәсіптік үлгілерді сараптау басқармасы он жұмыс күні ішінде шешімді көрсетілетін қызметті алушыға жолдайды.

Көрсетілетін қызметті алушы шешімді алған сәттен бастап үш ай ішінде сараптау ұйымына мемлекеттік баж төлемі жөніндегі құжатты және патент

беруге құжаттарды дайындағаны және тіркеу туралы мәліметтерді жариялағаны үшін сараптау ұйымының қызметіне ақы төлемін ұсынады.

Мемлекеттік тізілім және жарияланымдар басқармасы көрсетілетін қызметті берушінің шешімі негізінде 10 жұмыс күні ішінде Өнеркәсіптік үлгілердің мемлекеттік тізіліміне мәлімет енгізеді, бюллетеньде мәлімет жариялайды, өнеркәсіптік үлгіге патент дайындайды.

Сараптау ұйымы мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін немесе бас тарту туралы дәлелді хатты көрсетілетін қызметті алушыға қолма-қол немесе пошта қызметі арқылы беруді жүзеге асырады.

Құрылымдық бөлімшелер арасындағы функционалдық өзара іс-қимыл схемасы осы регламентке 2-қосымшада келтірілген.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 20.02.2018 № 238 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде ақпараттық жүйелерді пайдалану тәртібін сипаттау

9. Көрсетілетін қызметті алушы "электрондық үкімет" порталы арқылы электрондық құжат нысанындағы өтініш береді, ол "ҰЗМИ" ААЖ-ға түседі.

Көрсетілетін қызметті алушы порталда мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін "Өнеркәсіптік үлгіге патент беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметін таңдайды. Портал көрсетілетін қызметті алушы туралы деректерді автоматты түрде толтыра отырып, өтініш беру жолындағы бірінші қадамын қалыптастырады.

Көрсетілетін қызметті алушы порталдың ашылған терезелерінде көрсетілетін қызметті алушының электрондық сандық қолтаңбасымен (бқдан әрі – ЭСҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтінішті толтырады.

Қажетті құжаттарды қоса тіркейді.

Көрсетілетін қызметті алушы оған ЭЦҚ-мен қол қоя отырып, өтінімді сақтайды.

Көрсетілетін қызметті алушыға "жеке кабинеттен" өтініш портал арқылы жолданған кезде көрсетілетін қызметті берушіге өтінішті өңдеу барысында жаңартылып отыратын өтініш туралы ақпарат (жеткізілгені, тіркелгені,

орындалғаны туралы белгі, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) қол жетімді.

10. Портал арқылы көрсетілетін қызметті алушының жүгінуі кезінде көрсетілетін қызметті берушінің жүгіну тәртібі мен рәсімдерінің (іс-қимылдарының) реттілігінің сипатталуы:

Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен қол қойылған өтініші "ҰЗМИ" ААЖ-ге түседі, онда жүйе кіріс тіркеу нөмірі мен штрих-кодты автоматты түрде береді және көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" өтініштің кіріс нөмірі, қабылданған күні мен уақыты көрсетілген хабарламаны жолдайды.


Кейінгі рәсім осы регламенттің 8-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

Сараптау ұйымы көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесінің дайындығы туралы және өнеркәсіптік үлгіге патентті пошта немесе курьер байланысы арқылы жолдау не электрондық түрде мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты көрсетілетін қызметті көрсетудің берушінің уәкілетті тұлғасының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы хабарлама жолдау арқылы мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру немесе бас тарту туралы дәлелді жауапты беруді жүзеге асырады.

"Өнеркәсіптік үлгіге патент беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы алу схемасы осы регламенттің 3-қосымшасында келтірілген.

"Өнеркәсіптік үлгіге патент
беру" мемлекеттік көрсетілетін
қызмет регламентіне
1-қосымша


Көрсетілетін қызметті берушіге жүгінген кездегі "Өнеркәсіптік үлгіге патент беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет алудың сызбасы



"Өнеркәсіптік үлгіге патент беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне 2-қосымша

Құрылымдық бөлімшелер арасындағы өзара қызметтік қарым-қатынас схемасы


Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 20.02.2018 № 238 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.



"Өнеркәсіптік үлгіге патент беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне
3-қосымша

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті "электрондық үкімет" порталы арқылы алудың схемасы

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 20.02.2018 № 238 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.



Қазақстан Республикасы
Әділет министрі
міндетін атқарушысының
2015 жылғы 29 мамырдағы
№ 304 бұйрығына
7-қосымша

"Пайдалы модельге патент беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті

Ескерту. 7-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 13.01.2017 № 33 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Пайдалы модельге патент беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Ұлттық зияткерлік меншік институты" республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші), оның ішінде "электрондық үкімет" www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 251 бұйрығымен бекітілген "Пайдалы модельге патент беру" туралы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты (бұдан әрі – стандарт) негізінде көрсетіледі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11407 болып тіркелген).

2. Қызмет көрсету нысаны: электрондық (ішінара автоматтандырылған) және (немесе) қағаз түрінде.

3. Пайдалы модельге патент беру не стандарттың 10-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап мемлекеттік қызметті көрсетудің нәтижесі болып табылады.

Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: электрондық және (немесе) қағаз түрінде.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 20.02.2018 № 238 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі стандарттың 4-тармағында көзделген.

2-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) іс-қимыл тәртібін сипаттау

5. Көрсетілетін қызметті алушының:

1) сараптау ұйымына қағаз жеткізгіште жүгінген кезде – стандарттың 9-тармағында көзделген құжаттар топтамасын (бұдан әрі – құжаттар) қоса бере отырып, стандарттың 2-қосымшасына сәйкес нысанда пайдалы модельге Қазақстан Республикасының патентін беру туралы өтініш (бұдан әрі – өтініш);

2) портал арқылы – құжаттар топтамасын қоса тіркеп, стандарттың 2-қосымшасына сәйкес электрондық түрдегі өтініш көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызмет көрсету бойынша рәсімді (іс-қимылды) бастауы үшін негіз болып табылады.

6. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің құрамына кіретін рәсімдер (әрекеттер):

1) сараптама ұйымының хат-хабарды есепке алу және мұрағат басқармасының (бұдан әрі – кеңсе) қабылдауы және "Ұлттық зияткерлік меншік институты" автоматтандырылған ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі - "ҰЗМИ" ААЖ) кіріс нөмірін беруі;

2) сараптама ұйымының өтінімдерді тіркеу және төлемдерді есепке алу басқармасының өтінім материалдарын тіркеуі және қалыптастыруы;

3) өнертабыстарға және пайдалы модельдерге өтінімдерге сараптама жасау басқармасының өтінімдерге сараптама жасауы;

4) сараптама ұйымының қорытынды шығаруы;

5) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Зияткерлік меншік құқығы департаментінің өнеркәсіптік меншік басқармасының сараптама қорытындысын қарауы;

6) патентті беру туралы шешім қабылданған жағдайда сараптама ұйымының патенттік құжаттаманы дайындау және жариялау басқармасының патентті беруге құжаттарды дайындағаны және мәліметтерді жариялағаны үшін төлем жасау, сондай-ақ мемлекеттік баж төлеу қажеттігі туралы хабарлама жіберуі;

7) көрсетілетін қызметті алушы сараптама ұйымына тиісті төлемдерді ұсынғаннан кейін мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижелері туралы мәліметтерді Пайдалы модельдердің мемлекеттік тізіліміне енгізуді, патентті дайындауды және жіберуді сараптама ұйымының мемлекеттік тізілімдер басқармасы, патентті беру туралы мәліметтерді ресми бюллетеньде жариялауды сараптама ұйымының патенттік құжаттаманы дайындау және жариялау басқармасы жүзеге асырады;

8) патентті беруден бас тарту туралы шешім қабылданған жағдайда көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап жіберу.

"Пайдалы модельге патент беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу схемасы осы регламентке 1-қосымшада келтірілген.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 20.02.2018 № 238 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелердің (қызметкерлерінің) өзара іс-қимыл тәртібін сипаттау

7. Көрсетілетін қызметтерді берушінің мемлекеттік қызметті көрсету процесіне қатысатын құрылымдық бөлімшелерінің (жұмыскерлерінің) тізімі:

- 1) сараптама ұйымының кеңсесі;
- 2) сараптама ұйымының өтінімдерді тіркеу және төлемдерді есепке алу басқармасы;
- 3) өнертабыстарға және пайдалы модельдерге өтінімдерге сараптама жасау басқармасы;
- 4) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Зияткерлік меншік құқығы департаментінің өнеркәсіптік меншік басқармасы;
- 5) өнертабыстарға және пайдалы модельдерге өтінімдерді сараптау басқармасы;
- 6) сараптама ұйымының патенттік құжаттаманы дайындау және жариялау басқармасы (оң шешім қабылданған жағдайда);
- 7) сараптама ұйымының мемлекеттік тізілімдер басқармасы.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 20.02.2018 № 238 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелері (қызметкерлері) арасындағы іс-шаралар (әрекеттер) реттілігінің сипаттамасы:

сараптама ұйымының кеңсесі көрсетілетін қызметті алушыдан өтінімді және стандарттың 9-тармағында көрсетілген құжаттарды қабылдайды, қажет болса, көрсетілетін қызметті алушыға кіріс нөмірі, өтінім және құжаттардың қабылданған күні мен уақыты көрсетілген хабарламаны береді және бір жұмыс күні ішінде қабылданған құжаттарды сараптама ұйымының өтінімдерді тіркеу және төлемдерді есепке алу басқармасына тіркеу және төлемдерді есепке алу үшін жібереді. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету кезінде сараптама ұйымының көрсетілген қызметтеріне төлемдерді "ҰЗМИ" ААЖ-де есепке алуды сараптама ұйымының өтінімдерді тіркеу және төлемдерді есепке алу басқармасы жүзеге асырады. Өтінім тіркелген, қалыптастырылған және төлемдер есепке алынған соң, оның материалдары сараптама жүргізу үшін сараптама ұйымының өнертабысқа және пайдалы модельдерге өтінімдерге сараптама жасау басқармасына жіберіледі.

Өтінішті тіркеу және қалыптастыру өтінімдерді тіркеу және төлемдерді есепке алу басқармасында жүзеге асырылады. Сараптама ұйымына түскен өтініш

бойынша өтінімді берген күнін анықтау мақсатында өтінім құжаттарының бар болуы тексеріледі.

Егер өтініш тапсырыс беру күнін анықтауға арналған талаптарды қанағаттандырмаса өтінімдерді тіркеу және төлемдерді есепке алу басқармасы көрсетілетін қызметті алушыға бұл туралы хабарлама жібереді және жетіспейтін құжаттарды (мәліметтерді) хабарлама жіберілген күннен бастап үш айлық мерзім ішінде тапсыруды ұсынады. Өтінім беруге белгіленген мөлшердегі төлемді, сонымен қатар формалды сараптама жүргізген үшін төлемді растайтын құжатты және төлем мөлшерін азайту негіздерін растайтын құжатты көрсетілетін қызметті алушы өтініммен бірге немесе өтінімнің түскен күнінен бастап екі ай ішінде ұсынуға тиіс. Тиісті төлем жасалған жағдайда бұл мерзім екі айдан аспайтын мерзімге ұзартылуы мүмкін. Белгіленген мерзімде төлем туралы құжаттар ұсынылмаған жағдайда өтінім берілмеген болып саналады.

Патенттік кооперация туралы шартқа (Patent Cooperation Treaty, PCT) (бұдан әрі – Шарт) сәйкес берілген, Қазақстан Республикасына сілтемені қамтитын халықаралық өтінім оның басымдық мерзімінен отыз бір ай өтпестен бұрын ұлттық фазаға айналады. Ұлттық фазаға кіру мерзімін сараптама ұйымы көрсетілетін қызметті алушының өтініші бойынша және тиісті төлемдер жасалған соң Шартқа нұсқаулықтың 49.6 ережесі сақталған жағдайда он екі ай ішінде қалпына келтіреді.

Өнертабысқа және пайдалы модельдерге өтінімдерге сараптама жасау басқармасында өтінімдерге сараптама жүргізіледі, оның барысында стандарттың 9-тармағында көзделген құжаттардың бар болуы, оларға белгіленген талаптардың сақталуы тексеріледі, өтінімнің басымдық күні, мәлімделген ұсынымды пайдалы модельдер ретінде сақталатын объектілерге жатқызу мүмкіндігі анықталады, пайдалы модельдің бірлігі тексеріледі.

Өтінім берілген пайдалы модельдің патентке қабілеттілік талаптарына сәйкестілігі тексерілмейді. Патент көрсетілетін қызметті алушының жауапкершілігі мен тәуекеліне беріледі.

Құжаттарына қойылатын талаптар бұзыла отырып берілген өтінім бойынша көрсетілетін қызметті алушыға хабарлама жіберілген күннен бастап үш айлық мерзім ішінде түзетілген немесе жетіспейтін құжаттарды ұсыну туралы ұсыныспен сұрау салу жіберіледі.

Егер көрсетілетін қызметті алушы аталған мерзім ішінде сұрау салынған құжаттарды немесе белгіленген мерзімді ұзарту туралы өтінішті ұсынбаса, өтінім қайтарып алынған деп саналады.

Пайдалы модель бірлігінің талаптары бұзыла отырып жіберілген өтінім бойынша көрсетілетін қызметті алушыға оған тиісті хабарлама жіберілген күннен бастап үш айлық мерзімде пайдалы модельдердің қайсысы қаралуы керек

екенін хабарлау және қажет болған жағдайда, өтінім құжаттарына нақтылаулар енгізу ұсынылады. Бастапқы өтінім материалдары құрамына кірген басқа пайдалы модельдер бөлек өтінімдер ретінде қаралуы мүмкін.

Егер көрсетілетін қызметті алушы оған бірлік талаптарының бұзылғандығы туралы хабарлама жіберілген күннен бастап үш айлық мерзімішінде пайдалы модельдердің қайсысын қарау керек екенін және нақтыланған құжаттарды ұсынбаса, формулада бірінші болып көрсетілген объекті қаралады, сондай-ақ пайдалы модельдің бірлік талаптарына қанағаттандыратындай біріншісімен сонша байланысты басқа пайдалы модельдер қаралады.

Көрсетілетін қызметті алушы өткізіп алған сараптаманың сұрау салуына жауап беруге арналған мерзімді сараптама ұйымы өткізіп алған мерзімді қалпына келтіруге төлем туралы құжатты ұсынған жағдайда қалпына келтіруі мүмкін. Мерзімді қалпына келтіру туралы өтінішті көрсетілетін қызметті алушы өткізіп алған мерзімнің аяқталу күнінен бастап он екі айдан кешіктірмей береді. Мұндай өтініш сараптама ұйымына сараптама сұрау салатын материалдармен бір мезгілде беріледі.

Сұрау салуға жауап беру немесе қосымша материалдарды ұсыну мерзімі көрсетілетін қызметті алушының белгіленген мерзім өткенге дейін берген өтініші бойынша, белгіленген мерзім өткен күннен бастап алты айлық мерзімге, төлем жасалған жағдайда, ұзартылуы мүмкін.

Егер сараптама нәтижесінде өтінім пайдалы модельдер ретінде қорғалатын объектілерге жататыны анықталса және құжаттар белгіленген талаптарға сәйкес болса пайдалы модельге патент беру туралы сараптама ұйымының оң шешімі беріледі.

Егер сараптама нәтижесінде өтінім пайдалы модельдер ретінде қорғалмайтын объектілерге жататыны анықталса сараптама ұйымының теріс шешімі беріледі

Шешім қабылданғаннан кейін бес жұмыс күні ішінде сараптама ұйымы көрсетілетін қызметті берушіге пайдалы модельге патент беру туралы немесе бас тарту туралы қорытындыны жібереді.

Көрсетілетін қызметті беруші сараптама ұйымының қорытындысы түскен сәттен бастап он жұмыс күні ішінде пайдалы модельге патент беру туралы немесе бас тарту туралы шешім қабылдайды және екі жұмыс күні ішінде сараптама ұйымына одан әрі көрсетілетін қызметті алушыға жіберу үшін жолдайды.

Көрсетілетін қызметті берушінің пайдалы модельге патент беру туралы шешімі негізінде сараптама ұйымы он жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті алушыға патентті беруге дайындау және жариялау үшін төлемді, сондай-ақ мемлекеттік баж төленгенін растайтын төлем құжаттарын сараптама ұйымына ұсыну қажеттігін көрсете отырып, уәкілетті органның патент беру туралы шешім

қабылдағаны туралы хабарламаны және сараптама ұйымының қорытындысын жібереді.

Көрсетілетін қызметті алушыға уәкілетті органның патент беру туралы шешім қабылдауы туралы хабарлама жіберілген күннен бастап үш ай ішінде көрсетілетін қызметті алушы сараптама ұйымына патентті беруге дайындау және жариялау үшін тиісті төлемді, мемлекеттік баж төленгенін растайтын құжатты ұсынады. Көрсетілген құжаттар жіберілмесе, өткізіп алған мерзімді қалпына келтіруге төлем туралы құжат ұсынылған жағдайда, төлем мерзімі үшай ішінде қалпына келтірілуі мүмкін. Кері жағдайда өтінім қайтарып алынған болып саналады, өтінім бойынша іс жүргізу тоқтатылады, бұл жөнінде көрсетілетін қызметті алушыға қалпына келтіру мерзімі өткен күннен бастап бір ай мерзім ішінде хабарлама жіберіледі.

Мемлекеттік тізілім басқармасы көрсетілетін қызметті берушінің шешімі негізінде көрсетілетін қызметті алушы сараптама ұйымына тиісті төлемдерді ұсынған жағдайда Пайдалы модельдердің мемлекеттік тізіліміне мәліметтерді енгізеді, патентті дайындауды жүзеге асырады. Патенттік құжаттаманы дайындау және жариялау басқармасы бюллетеньде пайдалы модельге патент беру туралы мәліметтерді жариялайды.

Сараптама ұйымы мемлекеттік қызметті ұсыну нәтижелерін беруді көрсетілетін қызметті алушыға қолма-қол немесе пошта қызметі арқылы жүзеге асырады.

Құрылымдық бөлімшелер арасындағы функционалдық өзара іс-қимыл жасау схемасы осы регламентке 2-қосымшада келтірілген.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 20.02.2018 № 238 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде ақпараттық жүйелерді пайдалану тәртібін сипаттау

9. Көрсетілетін қызметті алушы "электрондық үкімет" порталы арқылы электрондық құжат нысанындағы өтініш береді, ол "ҰЗМИ" ААЖ-ға түседі және сараптау ұйымына қарауға жолданады.

Көрсетілетін қызметті алушы порталда мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін "Пайдалы модельге патент беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметін таңдайды. Портал көрсетілетін қызметті алушы туралы деректерді автоматты түрде толтыра отырып, өтініш берудің бірінші қадамын қалыптастырады.

Көрсетілген қызметті алушы порталдың ашылған терезелерінде көрсетілген қызметті алушының электрондық сандық қолтаңбасының (бұдан әрі – ЭСҚ)

куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтінімді толтырады және стандарттың 9-тармағында көзделген қажетті құжаттарды қоса береді.

Көрсетілген қызметті алушы оған ЭЦҚ қоя отырып, өтінімді сақтайды.

Өтінішті портал арқылы жолдаған кезде көрсетілетін қызметті алушыға "жеке кабинеттен" көрсетілетін қызметті беруші (жеткізілгені, тіркелгені, орындалғаны туралы белгі, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) өтінішті өңдеу барысында жаңартылып отыратын өтініш туралы ақпарат қол жетімді.

10. Портал арқылы көрсетілетін қызметті алушының жүгінуі кезінде көрсетілетін қызметті берушінің жүгіну тәртібі мен рәсімдері (іс-әрекеттері) дәйектілігінің сипатталуы:

Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен қол қойылған өтініш "ҰЗМИ" ААЖ-ға түседі, онда жүйе кіріс тіркеу нөмірі мен штрих-кодты береді, көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" өтініштің кіріс нөмірі, қабылданған күні мен уақыты көрсетілген хабарламаны жолдайды.


Кейінгі рәсім осы регламенттің 8-тармағына сәйкес жүзеге асырылады

Сараптау ұйымы көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесінің дайындығы туралы және пайдалы модельге патентті пошта немесе курьер байланысы арқылы жолдау не электрондық түрде мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы хабарлама жолдау арқылы мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін немесе бас тарту туралы дәлелді жауап беруді жүзеге асырады.

"Пайдалы модельге патент беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы алудың схемасы осы регламенттің 3-қосымшасында келтірілген.

"Пайдалы модельге патент
беру" мемлекеттік көрсетілетін
қызмет регламентіне
1-қосымша


Көрсетілетін қызметті берушіге жүгінген кездегі "Пайдалы модельге патент беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет алудың сызбасы



"Пайдалы модельге патент беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне 2-қосымша

Құрылымдық бөлімшелер арасындағы өзара қызметтік қарым-қатынас схемасы

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 20.02.2018 № 238 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.



"Пайдалы модельге патент беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне
3-қосымша

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті "электрондық үкімет" порталы арқылы алудың схемасы

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 20.02.2018 № 238 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.



Қазақстан Республикасы
 Әділет министрі
 міндетін атқарушысының
 2015 жылғы 29 мамырдағы
 № 304 бұйрығына
 8-қосымша

"Өнертабысқа патент беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті

Ескерту. 8-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 13.01.2017 № 33 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

1-Тарау. Жалпы ережелер

1. "Өнертабысқа патент беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Ұлттық зияткерлік меншік институты" Республикалық мемлекеттік кәсіпорны арқылы (бұдан әрі – сараптама ұйымы), оның ішінде "электрондық үкімет" www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) жүзеге асырады.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 251 бұйрығымен бекітілген "Өнертабысқа патент беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты негізінде көрсетіледі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11407 болып тіркелген) (бұдан әрі – стандарт).

2. Қызмет көрсету нысаны: электрондық (ішінара автоматтандырылған) және (немесе) қағаз түрінде.

3. Өнертабысқа патент беру немесе стандарттың 10-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы жазбаша түрдегі дәлелді жауап мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі болып табылады.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны – электрондық және (немесе) қағаз түрінде.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 20.02.2018 № 238 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі стандарттың 4-тармағында көзделген.

2-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) іс-қимыл тәртібінің сипаттамасы

5. Көрсетілетін қызметті алушының:

1) сараптама ұйымына қағаз жеткізгіште жүгінген кезде – стандарттың 9-тармағында көзделген құжаттар топтамасын (бұдан әрі – құжаттар) қоса бере отырып, стандарттың 2-қосымшасына сәйкес нысанда өнертабысқа Қазақстан Республикасының патентін беру туралы өтініш (бұдан әрі – өтініш);

2) портал арқылы жүгінген кезде – құжаттар топтамасын қоса тіркеп, стандарттың 2-қосымшасына сәйкес электрондық түрдегі өтініш көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызмет көрсету бойынша рәсімді (іс-қимылды) бастауы үшін негіз болып табылады.

6. Мемлекеттік қызметті көрсету процесі құрамына кіретін рәсімдер (әрекеттер):

1) сараптама ұйымының хат-хабарды есепке алу және мұрағат басқармасының (бұдан әрі - кеңсе) қабылдауы және "Ұлттық зияткерлік меншік институты" автоматтандырылған ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі - "ҰЗМИ" ААЖ) кіріс нөмірін беруі;

2) сараптама ұйымының өтінімдерді тіркеу және төлемдерді есепке алу басқармасының өтінім материалдарын тіркеуі және қалыптастыруы;

3) өнертабыстарға және селекциялық жетістіктерге өтінімдерге формалды сараптама жасау басқармасының өтінімдерді қарауы;

4) өнертабыстарға және пайдалы модельдерге өтінімдерге сараптама жасау басқармасының, қажет болса, сараптама ұйымының Алматы қаласындағы филиалының өнертабыстар бойынша патенттік зерттеулер басқармасын тартумен (бұдан әрі – патенттік зерттеулер басқармасы) өтінімдерді қарауы;

5) сараптама ұйымының қорытынды шығаруы;

6) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Зияткерлік меншік құқығы департаментінің өнеркәсіптік меншік басқармасының сараптамалық қорытындыны қарауы;

7) патентті беру туралы шешім қабылданған жағдайда сараптама ұйымының патенттік құжаттаманы дайындау және жариялау басқармасының патентті беруге құжаттарды дайындағаны және мәліметтерді жариялағаны үшін төлем жасау, сондай-ақ мемлекеттік баж төлеу қажеттігі туралы хабарлама жіберуі;

8) көрсетілетін қызметті алушы сараптама ұйымына тиісті төлемдерді ұсынғаннан кейін мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижелері туралы мәліметтерді Өнертабыстардың мемлекеттік тізіліміне енгізуді, патентті дайындауды және жіберуді сараптама ұйымының мемлекеттік тізілімдер басқармасы, патентті беру туралы мәліметтерді ресми бюллетеньде жариялауды сараптама ұйымының патенттік құжаттаманы дайындау және жариялау басқармасы жүзеге асырады;

9) патентті беруден бас тарту туралы шешім қабылданған жағдайда көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап жіберу.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 20.02.2018 № 238 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) өзара іс-қимыл тәртібінің сипаттамасы

7. Көрсетілетін қызметтерді берушінің мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету процесіне қатысатын құрылымдық бөлімшелерінің (жұмыскерлерінің) тізімі:

1) сараптама ұйымының кеңсесі;

2) сараптама ұйымының өтінімдерді тіркеу және төлемдерді есепке алу басқармасы;

3) өнертабыстарға және селекциялық жетістіктерге өтінімдерге формальды сараптама жасау басқармасы;

4) қажет болған жағдайда патенттік зерттеулер басқармасын тарта отырып, өнертабыстарға және пайдалы модельдерге өтінімдерге сараптама жасау басқармасы;

5) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Зияткерлік меншік құқығы департаментінің өнеркәсіптік меншік басқармасы;

6) сараптама ұйымының патенттік құжаттаманы дайындау және жариялау басқармасы (оң шешім қабылданған жағдайда);

7) сараптама ұйымының мемлекеттік тізілімдер басқармасы.

"Өнертабысқа патент беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу схемасы осы регламентке 1-қосымшада келтірілген.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 20.02.2018 № 238 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелері (қызметкерлері) арасындағы рәсімдер (әрекеттер) реттілігінің сипаттамасы:

сараптама ұйымының кеңсесі көрсетілетін қызметті алушыдан өтінімді және стандарттың 9-тармағында көрсетілген құжаттарды қабылдайды, қажет болса, көрсетілетін қызметті алушыға кіріс нөмірі, өтінім және құжаттардың қабылданған күні мен уақыты көрсетілген хабарламаны береді және бір жұмыс күні ішінде қабылданған құжаттарды сараптама ұйымының өтінімдерді тіркеу және төлемдерді есепке алу басқармасына тіркеу және төлемдерді есепке алу үшін жібереді. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету кезінде сараптама ұйымының көрсетілген қызметтеріне төлемдерді "ҰЗМИ" ААЖ-де есепке алуды сараптама ұйымының өтінімдерді тіркеу және төлемдерді есепке алу басқармасы жүзеге асырады. Өтінім тіркелген, қалыптастырылған және төлемдер есепке алынған соң, оның материалдары формальды сараптама жүргізу үшін сараптама ұйымының өнертабыстарға және селекциялық жетістіктерге өтінімдерге формальды сараптама жасау басқармасына жіберіледі.

Формальды сараптама жүргізілген кезде құжаттардың бар-жоғы және оларға қойылған талаптардың сақталуы тексеріледі, өтінімнің берілген күні белгіленеді.

Егер өтініш беру күнін анықтау үшін талаптарды қанағаттандырмаса өнертабыстар мен селекциялық жетістіктерге өтінімдерге формалды сараптама жасау басқармасы көрсетілетін қызметті алушыға бұл туралы хабарлама жібереді және жітеспейтін және (немесе) түзетілген құжаттарды (мәліметтерді) мұндай хабарлама жіберілген күннен бастап үш ай ішінде тапсыруды ұсынады. Көрсетілетін қызметті алушы өтінім берген үшін, соның ішінде формалды сараптама жүргізу үшін белгіленген мөлшердегі төлемді растайтын құжатты және төлем мөлшерін азайтуға негіздерді растайтын құжатты өтініммен бірге немесе өтінім түскен күннен бастап екі ай ішінде ұсынуы тиіс. Тиісті төлем жағдайында бұл мерзім ұзартылуы мүмкін, бірақ екі айдан аспауы тиіс. Белгіленген мерзімде төлем туралы құжаттар ұсынылмаса, өтінім берілмеген болып саналады.

Оның құжаттарына қойылатын талаптарды бұза отырып берілген өтінім бойынша көрсетілетін қызметті алушыға оны жіберген күннен бастап үш ай мерзімде түзетілген немесе жоқ құжаттарды табыс ету ұсынылған сұрау салу жіберіледі.

Егер көрсетілетін қызметті алушы аталған мерзімде сұратылған құжаттарды немесе белгіленген мерзімді ұзарту туралы өтінішті табыс етпесе, өтінім қайтарып алған болып есептеледі.

Өнертабыс бірлігі талабын бұза отырып берілген өтінім бойынша көрсетілетін қызметті алушыға оған тиісті хабарлама жіберген күннен бастап үш ай мерзімде өнертабыстардың қайсысы қаралуға тиіс екенін хабарлау және қажет болған жағдайларда өтінім құжаттарына нақтылау енгізу ұсынылады. Бастапқы өтінім материалдарына енген басқа өнертабыстар бөлектелген өтінімдермен ресімделуі мүмкін.

Егер көрсетілетін қызметті алушы өзіне бірлік талаптарының бұзылғаны туралы хабарлама жіберілген күннен бастап үш ай мерзімде өнертабыстардың қайсысын қарау қажет екенін хабарламаса және нақтыланған құжаттарды табыс етпесе, формулада бірінші көрсетілген, сондай-ақ алғашқысымен байланыстылығы соншалықты, олар өнертабыс бірлігі талаптарын қанағаттандыратын басқа да өнертабыстар объектісі қаралады.

Патенттік кооперация туралы шартқа (Patent Cooperation Treaty, PCT) (бұдан әрі – Шарт) сәйкес берілген, Қазақстан Республикасына сілтемені қамтитын халықаралық өтінім оның басымдық мерзімінен отыз бір ай өтпестен бұрын ұлттық фазаға айналады. Ұлттық фазаға кіру мерзімін сараптама ұйымы көрсетілетін қызметті алушының өтініші бойынша және тиісті төлемдер жасалған соң Шартқа нұсқаулықтың 49.6 ережесі сақталған жағдайда он екі ай ішінде қалпына келтіреді.

Формалды сараптама аяқталғаннан кейін көрсетілетін қызметті алушыға оның нәтижелері туралы хабарлама жіберіледі және өтінім өнертабыстарға және пайдалы модельдерге сараптама жасау басқармасына жіберіледі.

Өтінімге мәні бойынша сараптама мәлімделген ұсынысты өнертабыс ретінде қорғалатын объектілерге жатқызу мүмкіндігін белгіледі, техника деңгейін анықтау үшін мәлімделген өнертабысқа қатысты ақпараттық іздестіру жүргізуді, мәлімделген объектінің (объектілердің) өнертабыс бірлігінің талабына және 1999 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Патент заңының 6-бабында белгіленген патентке қабілеттілік шарттарына сәйкестігіне тексеру жүргізуді қамтиды және өтінімге мәні бойынша сараптамаға ақы төленген жағдайда жүзеге асырылады.

Мәні бойынша сараптама ресми сараптаманың нәтижесі туралы хабарлама жіберілген күннен бастап үш ай ішінде сараптама жасау ұйымына өтінімге мәні бойынша сараптамаға ақы төленгендігін растайтын құжатты берген жағдайда жүргізіледі.

Мәні бойынша сараптамаға ақы төленбеген жағдайда өтінім кері қайтарып алынған болып есептеледі.

Мәні бойынша өтінім сараптамасын жүргізу кезеңінде сараптама жасау ұйымы көрсетілетін қызметті алушыдан онсыз сараптама өткізу мүмкін болмайтын қосымша материалдарды, оның ішінде өнертабыстың өзгертілген формуласын сұратып алуға құқылы.

Егер көрсетілетін қызметті алушы белгілеген мерзімде сұратылған материалдарды немесе белгіленген мерзімді ұзарту туралы өтінішті ұсынбаса, өтінім қайтарып алған болып есептеледі.

Көрсетілетін қызметті алушының формалдық сараптама және мәні бойынша сараптама сатысында сараптаманың сұрау салуына жауапты және қосымша материалдарды, мәні бойынша сараптама үшін төлемақыны ұсынуға өткізіп алған мерзімін сараптама ұйымы, өткізіп алған мерзімді қалпына келтіру үшін төлемақы туралы құжатты ұсынған кезде, қайта қалпына келтіруі мүмкін. Көрсетілетін қызметті алушы мерзімді қалпына келтіру туралы өтінішхатты өткізіп алған мерзім өткен күнінен бастап он екі айдан кешіктірмей береді. Мұндай өтінішхат сараптама ұйымына сараптама сұрау салып отырған материалдармен бір мезгілде ұсынылады.

Формалдық сараптама және мәні бойынша сараптама сатысында сараптаманың сұрау салуына жауапты және қосымша материалдарды ұсыну мерзімі көрсетілетін қызметті алушының белгіленген мерзім өткенге дейін берген өтінішхаты бойынша алты айға дейінгі мерзімге ұзартылады.

Көрсетілетін қызметті алушының өтінішхаты бойынша, егер өтінім берілген өнертабыс патенттеудің қолайлы шарттары ұсынылған объектіге жататын болса,

өнертабысқа патент беру туралы өтінімге сараптама жеделдетілген түрде жүргізіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы өнертабысқа өтінім бойынша сараптама жасау ұйымының тиісті қорытындысы берілгенге дейін оны тиісті өтініш жасау арқылы пайдалы модельге өтінім етіп өзгертуге құқылы. Өнертабысқа өтінім пайдалы модельге өтінімге өзгертілген жағдайда мемлекеттік көрсетілетін қызмет " Пайдалы модельге патент беру" стандартының ережелеріне сәйкес ұсынылады.

Егер өтінімге мәні бойынша сараптама жасау нәтижесінде сараптама жасау ұйымы көрсетілетін қызмет алушы сұрап отырған құқықтық қорғау көлеміндегі мәлімделген ұсыныс осы Заңның 6-бабында айқындалған өнертабыстың патент қабілеттілігі талаптарына сәйкес келетінін анықтаса, онда сараптама жасау ұйымы белгіленген басымдықты көрсете отырып патентке көрсетілген қызмет алушымен келісілген өнертабыс формуласымен оң қорытынды береді.

Сараптама ұйымы қорытынды шығарғаннан кейін бес жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызмет берушіге өнертабысқа патент беру немесе бас тарту туралы қорытынды жібереді.

Көрсетілетін қызметті беруші сараптама ұйымының қорытындысы түскен сәттен бастап он жұмыс күні ішінде өнертабысқа патент беру немесе бас тарту туралы шешімді қабылдайды және әрі қарай қызмет алушыға жіберу үшін екі күн ішінде сараптама ұйымына жібереді.

Сараптама ұйымы уәкілетті органның өнертабысқа патент беру туралы шешімі негізінде он жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті алушыға уәкілетті органның өнертабысқа патент беру туралы шешім қабылдағаны туралы хабарламаны және сараптама ұйымына патентті беруге дайындау және жариялау үшін тиісті төлемді, сондай-ақ мемлекеттік баж төленгенін растайтын құжатты ұсыну қажеттігін көрсете отырып, сараптама қорытындысын жібереді.

Көрсетілетін қызметті алушыға уәкілетті органның патент беру туралы шешім қабылдағаны туралы хабарлама жіберілген күннен бастап үш ай ішінде көрсетілетін қызметті алушы сараптама ұйымына патентті беруге дайындағаны және жариялағаны үшін тиісті төлемді, сондай-ақ мемлекеттік баж төленгенін растайтын құжатты ұсынады. Көрсетілген құжаттар ұсынылмаған кезде өткізіп алған мерзімді қалпына келтіруге төлем туралы құжат ұсынылған жағдайда, төлем мерзімі үш ай ішінде қалпына келтірілуі мүмкін. Керісінше жағдайда, өтінім қайтарып алынған болып есептеледі, өтінім бойынша іс жүргізу тоқтатылады, бұл жөнінде көрсетілетін қызметті алушы қалпына келтіру мерзімі өткен күннен бастап бір ай мерзімде хабардар етіледі.

Мемлекеттік тізілім басқармасы көрсетілетін қызметті берушінің шешімі негізінде көрсетілетін қызметті алушы сараптама ұйымына тиісті төлемдерді ұсынған жағдайда, Өнертабыстардың мемлекеттік тізіліміне мәліметтерді

енгізеді, патентті дайындауды жүзеге асырады, патенттік құжаттаманы дайындау және жариялау басқармасы өнертабысқа патент беру туралы мәліметтерді бюллетеньде жариялайды.

Сараптама ұйымы қызмет алушыға мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беруді қолма-қол немесе пошта қызметі арқылы жүзеге асырады.

құрылымдық бөлімшелер арасындағы функционалды өзара іс-қимыл схемасы осы регламентке 2-қосымшада көрсетілген.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 20.02.2018 № 238 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде ақпараттық жүйелерді пайдалану тәртібінің сипаттамасы

9. Көрсетілетін қызметті алушы "электрондық үкімет" порталы арқылы электрондық құжат нысанындағы өтініш береді, ол өтініш "ҰЗМИ" ААЖ-ға түседі.

Көрсетілетін қызметті алушы порталда мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін "Өнертабысқа патент беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметін таңдайды. Портал көрсетілетін қызметті алушы туралы деректерді автоматты түрде толтыра отырып, өтінім беру жолындағы бірінші қадамын қалыптастырады.

Көрсетілген қызметті алушы порталдың ашылған терезелерінде көрсетілген қызметті алушының электрондық сандық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭСҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтінішті толтырады және қажетті құжаттарды қоса береді.

Көрсетілген қызметті алушы оған ЭЦҚ қоя отырып, өтінішті сақтайды.

Өтінішті портал арқылы жолдаған кезде көрсетілетін қызметті алушыға "жеке кабинеттен" көрсетілетін қызметті беруші (жеткізілгені, тіркелгені, орындалғаны туралы белгілер, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) өтінішті өңдеу барысында жаңартылып отыратын өтініш туралы ақпарат қол жетімді.

10. Көрсетілетін қызметті алушының портал арқылы жүгінуі кезінде көрсетілетін қызметті берушінің жүгіну тәртібі мен рәсімдері (іс-қимылдары) сабақтастығының сипаттамасы:

Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен қол қойылған өтініші "ҰЗМИ" ААЖ-ға түседі, жүйе кіріс нөмірі мен штрих-кодты береді және көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" өтініштің кіріс нөмірі, қабылданған күні мен уақыты көрсетілген мәліметті жолдайды.


Кейінгі рәсім осы регламенттің 8-тармағына сәйкес жүзеге асырылады

Сараптау ұйымы мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін немесе бас тарту туралы дәлелді жауап беруді көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" көрсетілетін қызмет нәтижесінің дайындығы және өнертабысқа патентті пошта немесе курьерлік байланысы арқылы жолдау туралы, не электрондық түрде мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы хабарлама жолдау арқылы жүзеге асырады.

"Өнертабысқа патент беру" мемлекеттік қызметін портал арқылы алу схемасы осы регламентке 3-қосымшада келтірілген.


"Өнертабысқа патент беру"
мемлекеттік көрсетілетін
қызмет регламентіне
1-қосымша

Көрсетілетін қызметті берушіге жүгінген кездегі "Өнертабысқа патент беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет арудың сызбасы



Құрылымдық бөлімшелер арасындағы өзара қызметтік қарым-қатынас схемасы


Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 20.02.2018 № 238 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.



"Өнертабысқа патент беру"
мемлекеттік көрсетілетін қызмет
регламентіне
3-қосымша

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті "электрондық үкімет" порталы арқылы алудың схемасы

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 20.02.2018 № 238 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.



Қазақстан Республикасы
 Әділет министрі
 міндетін атқарушысының
 2015 жылғы 29 мамырдағы
 № 304 бұйрығына
 9-қосымша

"Селекциялық жетістікке патент беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенты

Ескерту. 9-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 13.01.2017 № 33 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Селекциялық жетістікке патент беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) "Ұлттық зияткерлік меншік институты" Республикалық мемлекеттік кәсіпорны арқылы, оның ішінде "электрондық үкімет" www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 251 бұйрығымен бекітілген "Селекциялық жетістікке патент беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты (бұдан әрі – стандарт) негізінде көрсетіледі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11407 болып тіркелген).

2. Қызмет көрсету нысаны: электрондық (ішінара автоматтандырылған) және (немесе) қағаз түрінде.

3. Селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізілімдерінде тіркелген селекциялық жетістікке қағаз тасушыдағы патент беру немесе стандарттың 10-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік қызметтерді көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап мемлекеттік қызметтерді көрсету нәтижесі болып табылады.

Портал арқылы өтініш берген кезде – "жеке кабинетке" көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының электрондық сандық қолтаңбасымен куәландырылған, мемлекеттік қызметтерді көрсету нәтижесін алған күні мен орнын көрсете отырып, электронды құжат нысанында хабарлама жіберіледі.

Мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесін ұсыну үлгісі – электронды және (немесе) қағаз түрінде.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 20.02.2018 № 238 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет мерзімі стандарттың 4-тармағында қаралған.

2-тарау. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) іс-қимыл тәртібін сипаттау

5. Көрсетілетін қызметті алушының:

1) сараптау ұйымына қағаз жеткізгіште жүгінген кезде – стандарттың 9-тармағында көзделген құжаттар топтамасын (бұдан әрі – құжаттар) қоса бере отырып, мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 2-қосымшасына сәйкес нысанда селекциялық жетістікке Қазақстан Республикасының патентін беру туралы өтініш (бұдан әрі – өтініш);

2) портал арқылы –құжаттар топтамасын қоса тіркеп, стандарттың 2-қосымшасына сәйкес белгіленген нысандағы электрондық өтініш көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік көрсетілетін қызмет бойынша рәсімді (іс-қимылды) бастауы үшін негіз болып табылады.

6. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің құрамына енгізілген рәсімдер (іс-әрекеттер):

1) сараптама ұйымының хат-хабарды есепке алу және мұрағат басқармасының (бұдан әрі - кеңсе) қабылдауы және "Ұлттық зияткерлік меншік институты" автоматтандырылған ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі - "ҰЗМИ" ААЖ) кіріс нөмірін беруі;

2) сараптама ұйымының өтінімдерді тіркеу және төлемдерді есепке алу басқармасының өтінім материалдарын тіркеуі және қалыптастыруы;

3) өнертабыстарға және селекциялық жетістіктерге өтінімдерге формалды сараптама жасау басқармасының өтінімдерге алдын ала сараптама жасауы;

4) Қазақстан Республикасы Ауылшаруашылық министрлігінің Мемлекеттік комиссиясына (бұдан әрі - Мемкомиссия) ұсынылған атаудың дұрыстығын тексеруге жіберуі;

5) сараптама ұйымының алдын ала қорытынды шығаруы;

6) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Зияткерлік меншік құқығы департаментінің өнеркәсіптік меншік басқармасының сараптамалық қорытындыны қарауы;

7) өтінімді одан әрі қарау туралы шешім қабылданған жағдайда сараптама ұйымының өтінім материалдарының көшірмесін Мемкомиссияға патентке қабілеттігіне Мемкомиссиялар сараптама жасауы үшін жіберуі.

8) Мемкомиссиялардың өтінімнің патентке қабілеттігіне сараптама жасауы;

9) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Зияткерлік меншік құқығы департаменті өнеркәсіптік меншік басқармасының Мемкомиссияның патенттік қабілеттікке қорытындысын қарауы;

10) патентті беру туралы шешім қабылданған жағдайда сараптама ұйымының патенттік құжаттаманы дайындау және жариялау басқармасының патентті беруге құжаттарды дайындағаны және мәліметтерді жариялағаны үшін төлем жасау, сондай-ақ мемлекеттік баж төлеу қажеттігі туралы хабарлама жіберуі;

11) көрсетілетін қызметті алушы сараптама ұйымына тиісті төлемдерді ұсынғаннан кейін мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижелері туралы

мәліметтерді Селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізіліміне енгізуді, патентті дайындауды және жіберуді сараптама ұйымының мемлекеттік тізілімдер басқармасы, патентті беру туралы мәліметтерді ресми бюллетеньде жариялауды сараптама ұйымының патенттік құжаттаманы дайындау және жариялау басқармасы жүзеге асырады;

12) патентті беруден бас тарту туралы шешім қабылданған жағдайда көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап жіберу.

Осы регламентке 1-қосымшада "Селекциялық жетістікке патент беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет алудың схемасы келтірілген.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 20.02.2018 № 238 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3-тарау. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелердің (қызметкерлердің) өзара іс-қимыл тәртібін сипаттау

7. Қызмет берушінің Мемлекеттік қызмет процесіне қатысатын құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) тізімі:

- 1) сараптама ұйымының кеңсесі;
- 2) өтінімдерді тіркеу және есепке алу басқармасы;
- 3) өнертабыстарға және селекциялық жетістіктерге формальды сараптама жүргізу басқармасы;
- 4) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Зияткерлік меншік құқығы департаменті өнеркәсіптік меншік басқармасы;
- 5) Мемкомиссиялар;
- 6) сараптама ұйымының (оң шешім қабылданған жағдайда) патенттік құжаттаманы дайындау және жариялау басқармасы;
- 7) мемлекеттік тізілімдер басқармасы.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 20.02.2018 № 238 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Қызмет берушінің құрылымдық бөлімшелері мен қызметкерлері арасында рәсімдердің (іс-әрекеттердің) реттілігін сипаттау:

сараптама ұйымының кеңсесі көрсетілетін қызметті алушыдан өтінімді және стандарттың 9-тармағында көрсетілген құжаттарды қабылдайды, қажет болса, көрсетілетін қызметті алушыға кіріс нөмірі, өтінім және құжаттардың қабылданған күні мен уақыты көрсетілген хабарламаны береді және бір жұмыс

күні ішінде қабылданған құжаттарды сараптама ұйымының өтінімдерді тіркеу және төлемдерді есепке алу басқармасына тіркеу және төлемдерді есепке алу үшін жібереді. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету кезінде сараптама ұйымының көрсетілген қызметтеріне төлемдерді "ҰЗМИ" ААЖ-де есепке алуды сараптама ұйымының өтінімдерді тіркеу және төлемдерді есепке алу басқармасы жүзеге асырады. Өтінім тіркелген, қалыптастырылған және төлемдер есепке алынған соң, оның материалдары формальды сараптама жүргізу үшін өнертабыстарға және селекциялық жетістіктерге өтінімдерге формальды сараптама жасау басқармасына жіберіледі.

Формальды сараптама жүргізілу барысында құжаттардың бар болуы және оларға қойылған талаптардың сақталуы тексеріледі, өтінімнің басымдық күні белгіленеді, Мемкомиссиялар ұсынылған атаудың дұрыстығын тексеріледі.

Егер өтінім осы құжаттарға қойылатын талаптарды қанағаттандырмаса, сараптама ұйымы көрсетілетін қызметті алушыға осы ескертулерді мазмұндай отырып, сұрау салу жібереді және жітеспейтін және (немесе) түзетілген құжаттарды (мәліметтерді) мұндай хабарлама жіберілген күннен бастап екі ай ішінде тапсыруды ұсынады. Көрсетілетін қызметті алушы сұратылған және (немесе) түзетілген құжаттарды (мәліметтерді) белгіленген мерзімде ұсынбаса, сараптама ұйымы теріс нәтиже туралы қорытынды шығарады.

Егер алдын ала сараптама өтінімнің белгіленген талаптарға сәйкес екенін анықтаса, сараптама ұйымы оң нәтиже туралы қорытынды шығарады.

Қорытынды шығарғаннан кейін бес жұмыс күні ішінде сараптама ұйымы көрсетілетін қызметті алушыға сараптаманың теріс нәтижесі туралы сараптамалық қорытындыны немесе алдын ала сараптаманың оң нәтижесі туралы сараптамалық қорытындыны жібереді.

Көрсетілетін қызметті беруші сараптама ұйымынан сараптамалық қорытынды түскен сәттен бастап он жұмыс күні ішінде селекциялық жетістікке патент беруге өтінімді әрі қарай қараудан бас тарту немесе өтінімді әрі қарай қарау туралы шешім қабылдайды және әрі қарай көрсетілетін қызметті алушыға және патентке қабілеттілігіне сараптама жасау үшін Мемлекеттік комиссияға жіберу үшін жолдайды.

Сараптама ұйымы өтінімді әрі қарай қараудан бас тарту туралы өтінім түскен сәттен бастап бір ай ішінде немесе өтінімді әрі қарай қарау туралы шешім түскен сәттен бастап он жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті алушыға хабарлама жібереді және патентке қабілеттілігіне сараптама жасау үшін Мемлекеттік комиссияға өтінімнің материалдарын жібереді.

Мемлекеттік тізілімдер басқармасы және жариялау басқармасы бюллетеньде алдын ала сараптама жасау нәтижесінде оң шешім шығарылған селекциялық жетістікке патент беруге өтінім туралы мәліметтерді жариялайды.

Селекциялық жетістіктің патентке қабілеттілік шарттарына сәйкес келген жағдайда Мемлекеттік комиссия селекциялық жетістікті сипаттай отырып, патент беруге қорытынды жасайды немесе сараптама жасау кезінде селекциялық жетістіктің патентке қабілеттілік талаптарына сәйкес келмейтіні анықтылса, Мемкомиссия патент беруден бас тарту туралы қорытынды жасайды да оны сараптама ұйымына жібереді.

Мемлекеттік комиссияның қорытындысы түскеннен кейін он жұмыс күні ішінде сараптама ұйымы көрсетілетін қызметті берушіге қорытындыны жібереді.

Көрсетілетін қызметті беруші Мемлекеттік комиссияның қорытындысы түскеннен кейін он жұмыс күні ішінде селекциялық жетістікке патент беру туралы немесе патентті беруден бас тарту туралы шешім қабылдайды және екі жұмыс күні ішінде әрі қарай көрсетілетін қызметті алушыға жолдау үшін сараптама ұйымына жібереді.

Көрсетілетін қызметті берушінің селекциялық жетістікке патент беру туралы шешімі негізінде сараптама ұйымы он жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті алушыға сараптама ұйымына патентті беруге дайындау үшін және жариялау үшін төлем жасалғанын растайтын және мемлекеттік баждың төленгенін растайтын төлем құжаттарын ұсыну қажеттілігін көрсете отырып, көрсетілетін қызметті берушінің шешім қабылдағаны туралы хабарлама жібереді.

Көрсетілетін қызметті алушыға уәкілетті орган патент беру туралы шешім қабылдағаны туралы хабарлама жіберілген күннен бастап үш ай ішінде көрсетілетін қызметті алушы сараптама ұйымына патентті беруге дайындағаны және жариялағаны үшін тиісті төлемді, сондай-ақ мемлекеттік баж төленгенін растайтын құжатты ұсынады. Көрсетілген құжаттар ұсынылмаған кезде өткізіп алған мерзімді қалпына келтіруге төлем туралы құжат ұсынылған жағдайда, төлеу мерзімі үш ай ішінде қалпына келтірілуі мүмкін. Керісінше жағдайда, өтінім қайтарып алынды деп есептеледі, өтінім бойынша іс жүргізу тоқтатылады, ол туралы көрсетілетін қызметті алушы қалпына келтіру мерзімі өткен күннен бастап он жұмыс күні ішінде хабардар етіледі.

Мемлекеттік тізілімдер басқармасы көрсетілетін қызметті берушінің шешімі негізінде көрсетілетін қызметті алушы сараптама ұйымына тиісті төлемдерді ұсынған жағдайда, Селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізіліміне мәліметтерді енгізеді, патентті дайындауды жүзеге асырады, патенттік құжаттаманы дайындау және жариялау басқармасы бюллетеньде селекциялық жетістіктерге патент берілуі туралы мәліметтерді жариялайды.

Сараптама ұйымы көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін қолына немесе пошталық қызмет арқылы береді.

Құрылымдық бөлімшелердің өзара функционалдық іс-қимылдарының схемасы осы регламентке 2-қосымшада көрсетіледі.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 20.02.2018 № 238 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4-тарау. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет процесінде ақпараттық жүйелерді пайдалану тәртібін сипаттау

9. Көрсетілетін қызметті алушы "электрондық үкімет" порталы арқылы электрондық құжат нысанындағы өтініш береді, ол "ҰЗМИ" ААЖ-ға түседі.

Көрсетілетін қызметті алушы порталда мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін "Селекциялық жетістікке патент беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметін таңдайды. Портал көрсетілетін қызметті алушы туралы деректерді автоматты түрде толтыра отырып, өтініш беру жолындағы бірінші қадамын жасайды.

Көрсетілген қызметті алушы порталдың ашылған терезелерінде көрсетілген қызметті алушының электрондық сандық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭСҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтінімді толтырады және қажетті құжаттарды қоса тіркейді.

Көрсетілген қызметті алушы оған ЭЦҚ қоя отырып, өтінімді сақтайды.

Өтінішті портал арқылы жолдаған кезде көрсетілетін қызметті алушыға "жеке кабинеттен" көрсетілетін қызметті беруші (жеткізілгені, тіркелгені, орындалғаны туралы белгі, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) өтінішті өңдеу барысында жаңартылып отыратын өтініш туралы ақпарат қол жетімді.

10. Портал арқылы көрсетілетін қызметті алушының жүгінуі кезінде көрсетілетін қызметті берушінің жүгіну тәртібі мен рәсімдері (іс-қимылдары) сабақтастығының сипатталуы:

Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен қол қойылған өтінімі "ҰЗМИ" ААЖ арқылы түседі, онда жүйе кіріс тіркеу нөмірі мен штрих-кодты береді және көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" өтінімнің кіріс нөмірі, қабылданған күнімен уақыты көрсетілген мәлімдемені жолдайды.


Кейінгі рәсім осы регламенттің 8-тармағына сәйкес жүзеге асырылады

Сараптау ұйымы көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" көрсетілетін қызмет нәтижесінің дайындығы туралы және селекциялық жетістігіне патентті пошта немесе курьер байланысы арқылы жолдау, не электрондық түрде және (немесе) қағаз тасығышта мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы хабарлама жолдау арқылы мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін немесе бас тарту туралы дәлелді қорытынды беруді жүзеге асырады.

"Селекциялық жетістікке патент беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы алу схемасы осы регламенттің 3-қосымшасында келтірілген.

"Селекциялық жетістікке патент беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне
1-қосымша


Көрсетілетін қызметті берушіге жүгінген кездегі "Селекциялық жетістікке патент беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет алудың сызбасы



"Селекциялық жетістікке патент беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне
2-қосымша

Құрылымдық бөлімшелер арасындағы өзара қызметтік қарым-қатынас схемасы

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Өділет министрінің 20.02.2018 № 238 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.



"Селекциялық жетістікке патент беру"
мемлекеттік көрсетілетін қызмет
регламентіне
3-қосымша

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті "электрондық үкімет" порталы арқылы алудың схемасы

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 20.02.2018 № 238 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

